

П И О Н Е Р




ИЮЛЬ

1947 ЖЫЛ

№ 7

Республикалык газеттер баспасы



Жас достар, біздің Отанымыз ұлан — байтақ. Ол сонау батыстағы долы Дунайдан бастап, шығыстағы жарқырап жатқан Тынық мұхитына дейін, түстіктегі Қара теңізден терістіктегі Мұзды мұхитқа дейін — 22 миллион шаршы километрлік жерді алып жатыр. Оның жан-жағын жойқын мұхит, толқындар теңіз және асау ағындар өзендер көк лентадай көмкерген. Онда совет халықтарының бахытты бейбітшілігі мен ерікті еңбегін күзетіп, біздің батыр моряктарымыз тұр.

Ұлы Отан соғысының қиын күндерінде біздің әскери моряктар Совет Армиясының сенімді жәрдемшісі болды. Олар совет жауынгерлерімен бірге батыр — қалалар: Одессаны, Севастопольді, Ленинградты және Сталинградты асқан ерлікпен қорғады, жаудың тылында ұрыс әрекетін жүргізіп, дұшпанның мыңдаған соғыс кемелері мен әскери транспорттарын суға батырды.

Ұлы Отанымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда біздің әскери моряктар қаһармандық пен батырлықтың, ерлік пен шеберліктің керемет үлгілерін көрсетті. Отан соғысы жылдарында 507 моряк пен теңіз-ұшқыштарына Советтер Одағының Батыры атағы берілді. Олардың жетеуі Советтер Одағының Батыры атағын екі рет алды.

Флоттың 277.668 матросы мен старшинасына, офицері мен генералына және адмиралына ордендар мен медальдар тапсырылды.

Соғыс-теңіз флотының жауға қарсы күресте ерекше көзге түскен 209 кемелері мен бөлімдері Советтер Одағының ордендарымен наградталды. 78 кемеге, бөлімге және құрамаға гвардиялық тулар мен жалаулар тапсырылды.


Соғыс жылдары сияқты, бейбітшілік дәуірінде де біздің моряктарымыз соғыс ісін және техникасын меңгеруде, өздерінің әскери білімі мен шеберлігін арттыруда. Сөйтіп, еліміздің соғыс-теңіз қуатын күшейтуде.

«Совет халқы, — дейді Сталин жолдас, — өз флотының бұрынғыдан да күшті, бұрынғыдан да қуатты болуын тілейді. Халқымыз флот үшін жаңадан соғыс кемелерін және жана базалар жасайды».

Сталиндік жаңа бесжылдық жоспар бойынша еліміздің кеме жасау өнеркәсібі қалпына келтіріліп және шарықтап өркендей бермек. Советтік Соғыс-Теңіз Флотына жыл сайын жаңа соғыс кемелері қосыла бермек.

Бірақ, техника адамсыз іске аспайды. Кемелер суда жүзіп, оның айбынды қарулары соғыс ісіне сай болу үшін сауатты, денсаулығы күшті, мықты матростар керек.

Балалар, сендер оқуды жақсы оқып, денелеріңді шынықтырып, денсаулықтарыңды күшейтіндер. Сөйтіп, өсіп, ержеткенде, Советтік Соғыс-Теңіз флотына қызметке баратын болыңдар.



200



Доғал ашқасы

Б. ИМАНОВ

Суреттерін жасаған А. ВОЕВОДИН

Күн шашырап шығып келе жатыр. Аспан ашық, аздап самал есіп гүл-бәйшешекті тербеп тұр. Қырқа — бел жаңа шапақтың шұғыласына малынған. Ол күрең тартып құлпыра түскендей.

Аяқ астынан ұша жөнелген бөзторғай көкке шарықтап, ән шырқауда. Бүгінгі дүниенің қошаметшісі тәрізді.

Дөң үстінен екі қара көрінді. Жаяу адамдар. Бірі қарт, екіншісі жас жігіт. Қарт әлде неге елегізіп, жан-жағына қарайды. Ылдида қаптаған мал. Алалы жылқы, ақтылы қой. Ең даланы етектей өріп, шалқып келеді.

Кенеттен шырқап салған ән естілді. Қараңдап бір шоғырмақ көрінді. Асыр салып ойнаған балалар. Кешікпей топ бала екі кісіге жақындады. Олар қаздың балапанындай тізіліп келеді. Қолдарында қармақ, қарына ілген су құятын құмыралары бар. Ақшыл киімдері ертеңгі сағымның нұрына шағылысып, жарқырай түскендей. Балалар әндетіп келеді.

— Біз, пионерлер,
Шыққанбыз сапарға,
Қызықтар көреміз
Бұл жорық, сапарда
Күн мынау жайдары,
Бәйшешек түрленіп,
Құлпырған дүние —
Масаты тұр беріп,
Жол шектік ертемен
Серуенге, сөйілге,
Батырдың ізімен,
Өткенді көруге.

Қарт көзіне қолын қалқалап бір аз тұрды. Сәл күлімсіреп жанындағы жас жігітке қарады.

— Міне, келіп қалды жорықшылар, кездестік, — деді. Сөйтті де жадыраған кескінмен балаларға қарсы жүрді.

Келе жатқан топ баланы бастаушы отряд вожатыйы Серік еді.

Балалар жете беріп қартқа салют берді.

— Саумысыңдар, балапандарым? — деді қарт жуықтап.

— Саурыз, ата, — деп балалар да шу көтерді.

Қарт ең алдымен Серіктің маңдайынан иіскеп, басқаларын да құшақтап, айналай бастады. Аздан кейін сәл шегініп қыран көзімен балаларды бір шолып өтті.

— Шырақтарым, жүрелік—күн қызғанша межесі жерді көрелік, — деп ілгері қозғала бастады ол. Балалар шұбырып қарияның соңынан ерді. Манағы жас жігіт балалардың алдына түсіп, тағы да ән бастады. Оның аты Сарбас болатын. Мына балалар оқыйтын Аманкелді атындағы мектептің ара вожатыйы. Көптен оқушыларды саяхатқа шығарып, туған аймақпен таныстыруды ойлаған. Сол оймен ол кеше мына қартқа кездескен.

— Біздің мектептің оқушыларып Аманкелді батырдың соғысқан жерлерімен таныстырыңыз, — деп өтініш жасаған. Ал, қарт болса, ол батырдың сарбаздарының бірі. Талай қан майдан қырғын соғыстарды басынан кешірген адам. Ол Сарбастың сөзін күп көрген.

Саяхатшылар терең ариаға көп тірелді. Айнадай жалтыраған мөлдір су. Кең айдыңның әр жерінен ақ бауыр шабақ шоршып жарық етіп суға қайта сүңгиді. Су үстінде ұшып қонып жүрген ақ шағалалар. Арианың жиегі сірескен көк құрақ. Балаларын ертіп келген ақсақалға ол иіліп сәлем бергендей, жаңа шығып келе жатқан ұлпасын шайқап жайқалып тұр.

Қарт ылдига түсті. Арианың жиегіндегі жіңішке жол мен жүріп келеді. Оқта—текте күбірлеп бір нәрсе айтқан тәрізді. Әлден уақытта бір мүйіске тоқтап балаларға отыр, дегендей мезгеу жасады. Балалар көп күндердің қуасы болған хұрметті қартты қоршалап отырды.

— Я, шырақтарым, — деді қарт қоңыр дауыспен. Балалар селт етпей тындады. — Батырдың бір ерлігін Доғал соғысында көрдім. Шырақтарым, бүгін сендерге соны айтпақпын, — деді.

Жаңылмасам қаңтар айының аяқ шені еді. Боран алақаншықтап ашылған, терістіктен ұйтқыған ызғарлы жел әлі соғып тұр. Түс кезінде ойдағы елден хабар келді. Ол кезде осы арианың бойындағы елді ойдағы ел, деп атайтынбыз.

Батырдың штабы Обалы деген қопада еді. Ел осы арнадан ара күндік жер шамасы. Хабарды әкелген жас жігіт асып-сасып үйге кірді. Қойнындағы конвертті батырға ұсынды. Барлығымыз да батырдың бетіне қарап, әлгі хаттың хабарын күттік.

Батыр конвертті ашып оқыды да, бір нәрсеге кейінгендей қабағын шытты. Әлден уақытта ашулы кескімеп:

— «Сарбаздарды талқандауға Қостанай қаласынан 1500 жазалаушы солдат шыққан. Мына хаттың қаба-

рына карағанда ертең ертемен Торғай арнасына жетпекші. Алдын тосамыз, Қамданындар.» — деді.

Біз үйді-үйімізге тарап, таң қылаң еткенде, Штасқа жыйналдық. Атымыз бабында, өзіміз әзір едік. Мінгеніміз ылғи сәйгүлік тұлпар. Сыдыра жортып, тартып келеміз. Көш болып, ымырт жабылды. Жел тынып, түн қараңғылығы қаптады. Ертеңгі таң саз беріп, оны — муны көріне бастағанда, сонау қара адырдан ойға құладық, — деп қарт таяғымен алысты нұсқады.

Балаларға көрияның әңгімесі тым қызық көрінді. Олардың кейбіреуі көздерін қадап, кейбіреуі ауыздарын ашып, ұйып қалғандай.

— Сонымен, шырақтарым, сау желіп ойға құладық. Батырдың мінгені Шалқасқа дейтін ат еді. Жануардың өзі де топтан торай шалдырмайтын тұлпар еді. Ол бізде оқшау, оқ бойы жер озық жүретін. Қолындағы дүрбісін көзіне тосып, алысқа қарады. Астындағы Шалқасқа жер тарпып, шыйыршық атқандай. Әлден уақытта аяғын үзеңгіге тіреп сәл көтерілді де: «Жігіттері!» — деді.

Біз ентелеп кел, ат тізгінін тартқан едік:

— «Жігіттері! Жау қарасы көрінді. Қалың қол келеді. Қаруы мол, жасақты жау. Ел үшін атқа қонып едік. Енді ел үшін айқасатын күн туды. Ел намысы — ер намысы. Ер сыналып, ат шабылар күн туды. Тәуекелге бел байлақдар!»

Біз:

«Мақұл, батыр, өлсекте шегінбеспіз!» — деп шу ете түстік. Сөйткенше сонау тұстан шубырған жау қарасы көрінді — деп, қарт орнынан тұрды. Балаларды әдейі қырға ертіп шығып, арнаның арғы бетіндегі қасқа жолды көрсетті.

Батыр 40—50 мергенді «отряд асатын кезеңшенің екі өкпе тұсына барып бекініндер», — деп жіберді. Олардың бекінген жері сонау жал талдың ығы еді.

Ал өзіміз осы арада табжылмай тұрдық. Кенет мылтық атылып, зеңбрек гүрс—гүрс етті. Жазалаушы отряд қыялап өте бергенде, біз де оқ жаудырдық. Көк түтіннен күн тұтылып, аспан аясын мұнар басты. Оқ әлі себелеп жауып тұр. Батыр да көздеп оқ атты. Шіркін, мерген еді ғой, кезегені қапы кетпейтің. Шір-

кейді көзінен ататын сабаз десеңші, — деді қарт, сәл мүдіріп. Бір уақытта оқ саябырлап сәл тыныстанғандай болды. Біз де аз кем дем алып, жан-жағымызға қарап өк, дәл анау жерден солдаттар лап қойды.

Көрияның көрсеткен шамасы балалар отырған жерден 100 қадамдай жоғары бір тайпақ суат болатын.

Қылыш жарқ—жүркі етіп, айбалта ойнады. Сүңгі сұғылып, шоқпар соғылды. Мұндай сұрапыл соғысты кім көрген, балаларым! Шамасы бір бие сауымындай айқастық—ау деймін. Бір сәтте оқ жағыма бұрылсам, інімді 4 солдат қамап қалған екен. Мінген атым ұрыт еді. Найза салуға шұғыл кеп қалды. Артыма бұрылуға шамам да келмеді. Сасқанымнан «Батыр!» — деппін, — деп қарт көзінің жасын ірікті.

Біздің батыр адамның арыстаны еді ғой. Қасқа тұлпардың шаншылып аспанға шапшығанын бір—ақ көріп қалдым. Қайдан келгенін кім білсін, інімді қоршаған 4 солдаттың екеуін екі рет салып өтті. Мен де қашқан біреуінің соңына түстім. Желкеден бір отырғызып, артыма қарасам, үшінші солдатты шаншып түсірген батыр, інімді мінгестіріп жосылтып келеді екен. Сонымен күн батып бара жатқанда, отрядтың қалдығын арнадан қуып шықтық. Содан кейін олар жылыса бастады. Бұл біздің жазалаушы отрядты талқандаған сапарымыз еді.

Артынан түгендесек бізден 70 шамалы, отрядтаң 500 шамалы адам қаза тауыпты. Сондағы айқасқан жеріміз осы ара болатын, шырақтарым. Сонау мөлдір су, жайқалған құрақ маған сол айқасты ертегі етіп айтып тұрған секілді. Самал жел «Батыр — батыр!» — деп ызын қаққандай. Осы араға келген сайын, Шалқасқа атты, оның үстіндегі ардагер батырды көргендей болды.

Мынау өткелдің аты Доғал. Сондықтан бұл айқасты «Доғал айқасы» деп атадық — деп қарт қозғала бастады. Етек—женін қағынып орнынан тұрды. Балалар да ере түре келді.

Содан кейін қарт ертіп жүріп, жас саяхатшыларды соғыс болған жерлермен таныстырды. Сонда қазылған окоптарды көрсетті. Олар сарбаздардың зиратының басында да болды.



Аманжолді шабуылы

307194



(ЕРТЕГІ—АНЫЗ)

(Жалғасы. Басы журналымыздың өткен сандарында).

М. ПРИШВИН

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

VIII.

Қара жылым — араны ашылғаң жұтқыш жер тажалы еді. Ол нешеме ғасыр бойы талай адамды, талай-талай малды тірідей қылғып қойған батпақты жер. Митрашаны компастың тілі дәл соған әкетті. Қара жылым дегеніміз немене — оның жөйін Тентек сазға аяқ басқан адамның бәрі, әрине, жақсы білу керек қой.

Тентек саздың қойны толған жанармай мен шымтезек. Солардың сарқылмас қорын сақтаған жер. Сондықтан біз оны асыл қазналы күн қоймасы деп түсінеміз. Тіпті расының өзі сол: ыстық күн — әрбір қылтанақ-шөптің, әрбір гүл-жапрақтың, әрбір батпаққа біткен шөк ағаш пен бұтаның, әрбір жидек-жемістің елжіреген анасы еді. Бұлардың бәріне күн өзінің жылуын мәңгі әділдікпен беріп тұрғанды. Бұлар өздері борсып, шіріп, өлерінде: күннен алған қызуын артымда қалған мұрам деп, басқа ағаш-бұта, жидек-жеміс, гүл-жапрақ, қылтанақ-шөп, жас өсімдіктерге тыңайтқыш-көрөк етіп беріп кететінді. Бірақ, батпақтағы шылқылдаған су өсімдіктердің — ата-аналардың бойындағы барлық іске татыр асылын балаларына беріп кетуіне мұршасын келтірмеді. Сол асыл қазна мындаған жылдар су астында сақтала берген. Батпақ—күн қоймасы болған да қойған. Күндердің күнінде бұл күн қоймасын адам ашпақ. Қызудан туып, қоймада жатқан шымтезек адамға мирас болмақ, адамға бұйырмақ.

Тентек саздың берекелі қойнында жанармайдың қоры көп. Бірақ та шымтезектің қара қыртыс-құйқасының қалыңдығы ала-құла. Бағанағы екі бала отырып кеткен Қойтастың түбінде неше мың жылдан бері жайқалып шығып, бірін-бірі баса жығылған өсімдіктер қат-қабат. Шымтезектің құйқалы көрі қыртысы да осы арада. Ал бұдан әрі, Қара жылымға жақындаған сайып шымтезектің шым қабаты былқылдаған жас, шүберектей жұқара береді.

Митраша магнит тілінің нұсқаған және соқпақтық бастаған жағына қарай жүріп келеді. Ілгері басқан сайын жолдың бұдырмақтары бұрынғыдай былқылдақ та емес, беті ғана тобарсыған қоймалжың бола бастады. Көзге қатты-ақ сыяқты, ал аяғын басса батып кетіп барады. Түбі жоқ тұнғыйыққа біржолата батқаным ба деген ой төбе құйқасын шымырлатады, жүрегі зу етеді. Аңдасанда ғана үстін шөп басқан томар кездесіп отырды. Бала аяғын осы томарлардың ара-арасымен салып, іріктеріне жақындай жүріп келеді. Келе-келе басып калсаң

табанының асты шек сыяқты шұр ететінді шығарды.

Аяғының тиген жері топрақ емес, түпсіз тұнғыйық сұйық лайдың үстіне керген солқылдақ тор сыяқты. Осы былқылдақ жердің бетінде тамыры мен тамыры, сабағы мен сабағы байланып ұйысып, тұтасуынан жаралған қаймыжықтай қабыршықтың үстінде, шырша ағаштар тұр. Аралары сип-сирек, кіп-кішкене, шелектің өнезіндей көтеріп борсыған, ойқы-шойқы, кескіңсіз шыршалар. Бұларды бүйтіп тарбыйтып өсірмей қойған батпақты жердің сор топрағы. Өздері кіп-кішкентай болып ап, жастары жүзге келген, тіпті оған да көртамас... Қарағайлы тоғайдағы сыяқты бәрі бірдей, біп-биік, сүмбідей дүзу, сымбатты сұлу, сапқа тізгендей қатарланып та өскен емес. Кәрі шышалақтың, кемпір сыяқты, белі бүгілген, иміген, ажары солғын. Батпақты жердегі ағаш кемпірдің жасы неғұрлым кәрі болса, соғұрлым кескіні де құбыжық. Мына біреуі жалғаш ұзын бұтағын созды. — сені жүріп келе жатқаныңда құшақтай алғысы келгендей. Әне біреуінің қолындағы сайсағы ербөктейді. — салып жібергелі тұр ма, немене. Үшінші біреуі әлде-неге бір тізелеп жерге шөгіп қапты. Төртінші кемпір түрегеп тұрып, шұлық тоқып тұр. Не керек: шырша көрсен болғаны, бірденеге ұқсамай қалмайды.

Митрашаның аяғының асты жүрген сайын қабыршақтап жұқарып барады. Бір тәуірі шымға айналған өсімдіктер, бір бірімен мықтап байланып, тістесіп, киіз боп қалса керек, адамды жақсы көтереді. Өзі де қалт-құлт етіп, маңындағыны да жайқалтып, ілгерілеп келе жатыр. Әйтеуір бұдан бұрын осы арадан жүріп өткен, артында ізі соқпақ болып қалған бір адам болды ғой. Митрашаның жалғыз ғана сенгені, көңіліндегі медеуі бір сол.

Қос маңдайлы қалпақ киген, аласа бойына ұзын мылтық асынған баланы араларынан өткізіп тұрып, ағаш кемпірлер аса бір абыржыған түр көрсетіп қалды. Келе жатыр еді, бір мезгілде бір кемпір ұшып түрегелді. Өжет жанды басынан таяқпен таңқ еткізгісі келген сыяқты. Ол өзінен басқа кемпірлерді денесімен жасырып көрсетпейді. Бұл артта қала бергенде, екінші бір мыстан арық, тарамыс қолын соқпаққа қарап созады. Тас боп қатқан басын ербедетеді. Мұның аржағында шалғынды далаң бар шығар, онда мыстан кемпірлердің үйі, үйде өлген адамның бастары қадада ілулі тұр-ау деп күтіп, баланың жүрегі луп-луп етіп келеді.

Қара қарға қарағайлы тоғайдағы ұясын қорғау үшін күзетке шығыпты. Үйреншікті жолымен батпақты айна-

лып ұшып келе жағып, қос мандайлы қалпақ киген кішкене ақшыл көріп қалды. Жазғытұрым қарғаның да дауысы бір түрлі боп шығады. Мәселен адам тамағын қырнап, мұрнынан сөйлеп: «Дрон-тон!» десе-соған Уқсар еді. Қарғаның даусында біздің құлағымызға шалынбайтын күңгірт және түсініксіз нәзік үндері де бар. Сол үшін біз олардың тілін ұқпаймыз. Тек әншейін мылқау адам сыяқты нобайлап, долбарлап, қыйсының жорыймыз, әні, күзетші қарға:

— Дрон-тон! — деп айғай салды. Мұнысы қос мандайлы қалпақ киген, мылтық асырған бір кішкентай адам Қара жылымға таянып келеді. Әлде, мүмкін, кешікпей тегін олжара белшемізден батпас па екенбіз... — дегені еді.

— Дрон-тон! — деп жауап қатты алыстағы ұясында жатқан ұрғашы қарға. Онысы:

— Естіп тұрмын, күтіп тұрмын, тез болса екен! — дегені еді.

Сауыскандар қарғаның аталас ағайыны ғой, ана екеуінің тілдескенін сезіп қап, шықылықтап қоя берді. Тышқан аулап, сары жол боп қайтқан түлкі екең-түлкі де, қарғаның айғайына құлағын тіге қойды.

Митраша мұның бәрін естіп келеді. Бірақ, ішіне түк қорқыныш кірген жоқ. Қорқатын не бар; жүріп келе жатқаны адамның ізі. О да өзі сыяқты адам шығар. Олай болса, Митраша да жүрексіңбей өте алады. Дәтке қуаты осы ой боп келе жатқанда, қарғаның дауысын естіп:

«Айналма сен, қара қарға, Шүйілді менің төбемнен, Тамағың ісіп жүрмесін, Қолына түспей мендей жем...» дейтін халық өлеңін айтып, толқындырып әнге басты Митраша.

Ән ырғағы бала көңілін бір сергітіп, жетелей түсі. Ұзын жолды қысқартудың есебін де байымдап келеді. Митраша аяғының астына көзін сап еді, аяғы кірген шұңқырға су толғаны білінді. Әрбір адамның жүрген ізі, қалдырған соқпағы осылайша суға толып кейін ол жерге мүк шығып, тағыда қайтадан су ағып жер сойылып, жылға бопты. Жылғаның екі жағындағы қыр-қабақ тобарсып құрғапты. Сол соқпақтың екі жағын жиектей шұбырып, құрғақ қабаққа бидайық дейтін биік шөп шығыпты. Жазғытұрым жер-көктің бәрі жасыл түске малынса да, бұл шөптің өңі ақшыл екен. Көпке дейін көрініс беріп, «жол мұңдалап» тұр. Митраша да көріп келеді. Соқпағы солға қарай кілт бұрылып, барып-барып, бір мезгілде мүлде көзден ғайып болды. Жаңылыс таппайын деп, компасына қарап еді: магнит тілі солтүстікке қарайды. Соқпақтың бұрылған жағы батыс екен.

Осы кезде:

— Кім-сіз-дер? — деп қызғыш айғай салды.

— Шүкір, тірімін! — деп жылқышы кұс жауап қатты.

— Дрон-тон! — деп қарға қарқ етті.

Дауысына бағанағыдан да көрі сенімділік, орнықтылықтың белгісі бар. Шырша ішінде сауыскандар да тұстас шықылықтап жүр.

Айналага көз жіберіп еді, қарсы алдынан ағашы жоқ тап осы араға келгенде, мүлде тегістеліп кетіпті. Бәрін айт па, бірін айт: бір жерден бір кезде жүріп өткен адамның ізіне шыққан ақ бидайық кен жазықтың үстінде шуда жіңгеі созылып жатыр. Бидайықтың бағыты бойынша соқпақтың солтүстікке тура тартпайтынын, батысқа қарай бұрыс кетіп, орағытып қайтып келетінін білген соң, Митрашаға басқа бір ой келді.

«Соқпақ болса әлде тұрған жазық

делінің арғы жағында көрініп тұр. Тіпті таақ тастам жерде. Жолды жақын жерден қыйып алмай, солға қарай батпақтатып бұрылып жүретін не жыным бар?» — деп ойлады.

Осы оймен ол жолдақ шығып, жүрексіңбей төтелетіп осы ашық даланы кесіп өтіп барады.

Шуу дегенде Митрашаға, бағанағы батпақтан көрі де жылымнан журу онай болды. Әйтседе біраздан кейін аяғы бірте-бірте жылымға тереңдей бата түсті. Кіріп кеткен аяқты сұғырып алу алға жүрген сайын қыйындай берді. Бұл арадан бұғы ғана жүргендей екен. Оның ұзын тірсектері тарамыс, әлемет күшті келеді. Және оның бір қасиеті ойланым тұрмайды, тоғай болсын батпақ болсын-күйін боп ағызып өте шығады. Енді Митраша хатердің бар екенін іші сезіп, тұра қалды. Халінің не болғанын ойланым тұр. Тұрсымен, қас пен көздің арасында тізесіне дейін батты. Енді бір кірпік қаққандай болған жоқ, тізеден асты. Бала әлі де болса бұлқынып көрсе, жылымнан қайта сұғырылып шыға алар еді. Артқа бұрылып, мылтықты мый үстіне жатқызып, соған сүйнеіп, қарғып шықсам қайтөр еді, — деген ой өзіне де келгенді. Бірақ қарсы алдында бір-ақ аттам жердегі адам ізіне шыққан биік ақ шөпті көргенде:

— Бір-ақ секірейін, — деді ол. Жұлқынып та байқады.

Не пайда, кеш қалыпты. Жаралы жолбарыстай ызаланып: — өлсем, өлгенімді көрейін, — тәуекел деп, қайта-қайта бұлқынды-ай кеп. Қараса, кеудесіне дейін батқан екен. Жан-жағынан жылым жабыса құшақтап, тырп еткізбей тастапты. Енді қаттырақ дем алсаң да пәле: зәредей қозғалып кетсең, шымырлатып, сұмалап төмен қарай сорып тарта береді. Баланың бір-ақ лажы қалды. Батпақ бетіне мылтығын көлделенілеп қойып, екі қолымен соған асылып тұрып, тезірек еңтіккен өкпесін басу, қыбырламау. Тілеуінді бергір осыны істей қойды. Мойнындағы мылтығын алып, алдына көлденең салды. Екі қолын мылтығына артып, сүйеніп тұр еді.

Бір мезгілде жел ыпқынып соғып кеп қалды. Желмен бірге:

— Митраша! — деген айғай, Настяның айғайы, қоңраудай құлағын жарды. Бұл да дыбыс берді.

Бірақ, жел Настя жақтан болатын. Митрашаның дауысын басқа жаққа, Тентек саздың ана бетіне, қалың шыршадан көрінбейтін батысына қарай алып қашып кетті. Бұған тек сауыскандар ғана үн қатты. Бір шыршадан екінші шыршаға ұшып-қонып жүріп, өздерінің байырғы әдетінше әбігерлене шықылықтап, бара-бара бүкіл Қара жылымды қоршап кетті. Жыпырласып шыршалардың саусақтарына қонды. Ағаш басында отырған ақ бауыр сауысканның ұзын, жіңішке, сүмбіл құйрығы қолаң қара шаштан өрілген бұрым сыяқты. Солардың бірі: *дри-ти-ти!* — деп, кейі: *дра-та-та!* — десін, желтініп ағашты сытырлата бастады. Жоғары жақтан:

— Дрон-тон! — деп қарға бәз етті.

Сауыскандар арамдыққа келгенде, ешкімнен ақыл сұрамайтын жырынды ғой, — жылымға кенірдектеп батып тұрған кіп-кішкене адамның қолынан келер қайраты, дәрмені жоғын өңіріп қапты. Олар қаптап секіріп жерге түсті. Жан жағынан шоқпақтап, қоразданып шабуыл жасады.


Қалпағының қос мандайы қалақтай делбиген кішкентай кісі айғай салғанды қойды.

Оның тотыққан екі бетіне астың жасы мөлдiреп төгіліп-төгіліп кетті. (Жалғасы бар).

Аударған И. ЖАРЫЛҒАПОВ.



ГАЛСТУК



Ж. МОЛ ТАҒАЛИЕВ

Отты майдан жолын кешіп,
Шет жерлерден қайтты солдат.
Туған елге аман жетті
Қуанышты, көңілі шат.

Етіп азат Еуропаны,
Көрді халқын көп елдердің.
Сағындырды нуы түгіл,
Тозаны да туған жердің.

Сау-саламат жолдас-жора,
Елі-жұрты, туған үйі.
Көңілі қош, ойлағандай,
Өте жақсы тұрмыс-күйі.

Есейіпті Ермекжаны,
Бөбек еді кеткенде өзі.
Есінен еш шыққан емес
«Әке» деген тәтті сөзі.

Соғыста ол қас дұшпанын
Соқты, аямай қайрат күшін.
Сорғалатты жаудың қанын,
Ермектердің бахыты үшін.

Енді бүгін сол Ермегі
Ержетіпті еркін өсіп.
Оқыйды екен мектепте ол,
Үшіншіге шықты көгіл.

Шықты алдынан Ермек, сыймай
Қуанышы қойынына,
Шығар күннің шұғылысындай
Галстугі мойылында.

Отрядта сол күні оны
Алған екен пионерге.
Құтты болсын галстугің!
Өс, өркенде шырқап өрге!

— Саған тарту ету үшін,
Не лайық болар тегі? —
Деді солдат баласына.
Қуаныштың болмай шегі.

Тұрып солдат күшігінде,
Ермек сонда былай деді:
— Байғазысы бола жатар,
Айтшы, папа, бір ертегі!

— Ал, ендеше, — деді солдат, —
Ыхласпен тында, балам:
Ертегі емес, бір ақылмат
Оқыйғаны айтам саған.

Қырық үшінші жыл еді бұл,
Салып жауға шабуылды.
Смоленскі төңрегінде
Азат еттік бір ауылды.

Бас иерме жау алдында
Азатшыл ер совет халқы.
Әсіресе, орыстардың
Тым күшті ғой ерлік салты.

Әлгі ауылдың көп адамы
Салу үшін жауға ойрен,
Кеткен екен партизан топ,
Қайдасын деп, қалың орман.

Партизандар арасында
Ваня деген бала болған.
О да сендей оқушы екен,
Жасы онбірге жаңа толған.

Бойшаң келген, ақ құбаша,
Жы болса да өте зерек,
Бала екен пікірлі өскен,
Әрі өжет болса керек.

Қыйлы қыйы кезеңде де
Ваня шыдап төзе білген.
Жорықтарда жарак алып,
Үлкендермен бірге жүрген.

Жауға кекті жас отаншыл
Жолбарыстай жүректі екен.
Күресуге серт етіпті,
Ерше белін буып бекем.



Командирдің айтқандарын
Тыңдыра істеп, екі етпей,
Талай қыйын тапсырманы
Орындапты ересектей.

Келіп барлау мақсатымен
Бір күні ол ауылына,
Енді кейін қайтар жолда
Түсіп қалған жау қолына.

— Қайдан жүрсің, неге келдің?
Партизан ба, кім едің сен?
Кім жұмсады сені мұнда?
— Ешнәрсені білмеймін мен.

— Шыныңды айт, орыс бала.
Не әзірлен таяқ жеуге.
— Шыным осы, қарным ашып,
Шығып едім нан іздеуге.

Суреттерін жасаған В. НЕСТЕРОВ

— Мә саған нан, орыс ұлы, —
Деп неміс ит қойып қалды.
Етпетінен түсті Ваня,
Тепті неміс. Естен танды...

Біраз уақыт өткеннен соң
Ваня әрең көзін ашты.
— Қалай, бала, ояңдың ба? —
Деді әлгі сум қарақшы.

Ваня үнсіз, отты көзбен
Атардай-ақ неміс итін,
Ойлайды әттең жеткізсем деп,
Барлаудың бар мәліметін.

Алдап, арбап, қорқытып та
Көрді неміс, салды айласын.
Ызаланды көндіре алмай
Орыстың бір жас баласын.

Енді дүре соқпақ болып,
Тағы неміс көрін тікті.
Шешінді, Көрді сонда
Іштен таққан Галстукті

Шымқай қызыл галстугі
Сипіп тері сарғыш тартқан.
Сарғайса да, Ваня үшін
Хасиеті одан да артқан.

Жас ұланды бұл галстук
Бастап жүрген ерлік іске.
Шат күндерді, совет елін
Түсіргендей ылғый еске.

Туған елі, ұлы Отаны
Бұл кезде де жүрсе есте,
Берілер ме совет ұлы
Басқыншыға, ит неміске!

— Екенсін сен пионер, ә?
Жас партизан! Жазан әзір!
Дереу мына галстукті,
Аяғымен тапта қазір! —

Деп басқыншы жұлып алып
Мойынынан пионердің,
Тастады оның аяғына.
— Бол, әйтпесе өлер жерің!

Сонда Ваня қайраттанып,
Жыйып бойға қалған күшін,
Алып жерден галстукті,
Үш қайтара сүйді ұшын.

— Ел қорғауға әзірміз деп
Еткен біздің сертіміз бар.
Пасық неміс, білмейсің сен,
Біздер емес серттен таяр!

Күндіз, түні өздеріңді
Соғып жүрген өңшек ерлер —
Жауынгерлер, партизандар —
Кешегі олар пионерлер.

Құрықсындар, сұм фашистер,
Дарға асылар Гитлерің.
Сен секілді жауыздардың
Кесер арқан кенірдегің.

Күні ертең совет халқы
Балаларының қегін алар.
Қарғыс атқан фашизмнің
Сұм ордасы ойрандалар.

Кремльде отыр біздің
Ұлы әкеміз, бас вожатый...
Соқты ауызға сонда неміс:
— Үніңді өшір! Сөзіңді тый!

Қара, мұның қайыспауын,
Турса да ажал жетіп бүгін.
Буыңдырсын тоқта қазір
Өзіңді өз галстугің!—

Деп фашист жалмауызы
Галстукпен буыңдырып,
Сүйреледі жас ұланды,
Аямастан жақтан ұрып.

Жау жеңдеті құтырғандай
Талады кеп жас баланы.



Шырылдатып азашпенен
Өлім атты—өртке салды.

Қалды талып, Ваня балғын
Болды қайтыс аздан кейін.
Қыйды өмірін, сүйіп өлді —
Анасындай туған елін!

Көкті жапқан қара бұлтты
Назағайдың оғы тілді
Қызыл, жасыл от ерітіп,
Бұлттан нөсер жаңбыр құйды.

Тыңдады Ермек қыбыр етпей
Әкесінің әңгімесін.

Бір сұрланып, бір түрленіп,
Кернеп ыза өр кеудесін.

Риза боп шын сүйінді
Езгі ісіне Ваня — ердің
Отаны үшін қаза тапқан,
Болып бірі жауын ердің.

— Біз Ваняны ұмытпаймыз.
Елі үшін жанын қыйған, —
Деді Ермек жабнап көзі,
Кезде әкесі сөзін тыйған.

— Пионерлік атыңа сай
Оқы, үйрен, ержет, балам,
Отанды сүй, көсемді сүй
Секілді боп Ваня ағам.

Әдепті бол, аға сыйла,
Адал боп өс ел, халқына.
Шаң жуытпа галстуктің
Абройлы зор данқына.

Осыны айтып солдат ұлын
Құшақтады, сүйіп беттен.
Өлеңімді бітіремін,
Басталған сол галстуктен.



Қ. БОРАМБАЕВ

Қақпа алдында, тас үстінде
Екі бала құрды кеңес.
Сырласуда ұзақ күнге
Сөздері бір бігер емес:

— Амантай-ау, — деді бірі, —
Бақша ексек болар жақсы.
Алма, шие, қарақатты
Алмаймыз ба шыныңды айтшы?

Бұлар сөзді соза берді
Тілдерімен жеміс егіп.
Күрек жатыр қастарында
Еш жұмыссыз жапа шегіп.

Кетпен де тұр түссіз, сұлық
Қызбаған соң жерге тиіп,
Сөз — бақша боп, іс—басқа боп
Бұлар отыр кеңес құрып,

Бір мезгілде Амантай да
Сөзін айтты баппен толғап:
— Ең алдымен бақшамыздың
Қою керек атын ойлап.

— Дұрыс екен бұл да достым, —
Деді оған бала Қасым.

Ұйып кетіп затсыз атқа
Изеп қойды және басың.

— Шыға қалса сыңсып жеміс,
Сақтайтұғын орын қайда?
Жыйнап, теріп, үйіп қояр
Бізде оған сарай бар ма?

Сарайды да салмаймыз ба?
Кірпіш құю қанша қыйын?
Қалауды да үйренгенбіз
Салғандардан колхоз үйін!



Отырып ап екі бала
Тілектерін шерге берді.

Бұған қаулы жазу үшін
Енді іздейік бір шеберді...

Үндемеді, көпірмеді
Келіп Дүйсен күректі алды.
Жерді қазды, ағаш скті
Мәуелетті бақша-бауды.

Қарындашты қоя тұрып
Кетпенмен ол қаулы жазды.
Бұл қаулыны жерге сызды,
Шығын қылмай ақ қағазды,

Жел сөзді де қаулы көрмей
Бақша ішінде Дүйсен жүрді.
Сөзбен емес құлаш сермей
Алажаздай бақша өсірді.

Бақшасында оның торғай
Тамылжытып ән салады.
Лек-лек болып көруге оны
Ертелі-кеш жұрт барады.

Атын оның әлем қойды:
«Дүйсен бала бақшасы» — деп.
Тап осы бір сүйікті атты
Жырлап жүрді құстар да кеп.

Асылжан

С. ОМОРОВ

(Жалғасы. Басы өткен санды).

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

IV

Таңатар тойы өткелі жылға жуықтап қалды. Содан бері Асылжан өмірінде, оның жан сарайында, мінез — құлқында, талай-талай өзгерістер болды.

Жеті жылдық мектептің мұғалімі Рахила Үйсінбаева Таңатар үйіне әдейі келген. Ол таңертенгі шайды ішіп бола бергенде, жетіп келді. Мұғалім қыз Таңатар мен Қарлығашқа орынды ақылын айтты.

— Жасының аз кемдігі не ғылады дейсіз. Балалармен араласып үйреніссін, тілі сынсын, Асылжанды мектепке жіберіңіздер.

«Осыған сен не айтасың» дегендей, кемпірі шалына қарады.

— Бұл сөзіңнің жаны бар екен, шығарым. Жөнді оқы-маса да, тілі жаттығып, көзі қаныға берсін. Жіберелік мектепке, — деді Таңатар масаттана оір көтеріліп.

Төр алдында етпеттей түсіп қағазды шыймайлап әлек болып жатқан Асылжан да әңгімеге құлағы елен-деп, үй ішінің адамдарына мойнын бұрып, еркелеген пішінмен:

— Жәке, мектеп барамын, — деді.

— Барасың құлыным, барасың, — деді Қарлығаш жүзінде қуаныштың нышаны ойнап, — Ертең өзім алып барамын. Қазір кітап салатын дорба тігіп беремін.

— Кіріс деймін тез, дорба істеп бер, барсын ертең мектепке, — деп Таңатар отыр елпілдеп.

Мұғалім қыз «Социалистік Қазақстан» газетінің Таңатар жайында очерк басылған санын ала келіп еді. Асылжанды ортаға алып түскен Таңатар мен Қарлығаштың суреті де басылыпты. Қандай әсем сурет!

Рахила ай-түйге қарамай, газетті дауыстап оқып бастады.

Газет Таңатарды көтере мақтапты.

«Ардақты ата мен ана, сүйікті перзент жайындағы шыннайы аңыз, жақсы лебіз кең байтақ Қазақстанның ол шеті мен бұл шетіне тарасын», — деп басталыпты газет сөзі.

— Ой-дой деген-ай, Асылжанның арқасында кемпір екеуіміздің атымызды бүкіл Қазақстан білетін боиты-ау! — деген Таңатардың сөзін Қарлығаш іліп әкетіп:

— Шүкіршілік-шүкіршілік! Осы жалғыздың алдында өлсек енді арман жоқ бізде, — деді қуаныштан кеудесіне сыймай тұрған жүрегінің алқынын баса алмай қатты үнлеп.

Мұғалім қыз газет сөзін одан әрі наштап оқып берді.

...Әжесі істеп берген кара барқыт дорбаны мойнына асып алып, Асылжан күн кұрғатпай мектепке барып жүр.

Іші-тысы «А» әрпімен толған көк дәптер, аттың, сыйырдың және басқа хайуандардың сыйықсыз суреттері, адамның кейіпсіз кескіні түсірілген парақ-парақ қағаздар кара барқыт дорбаны қампайта бастады.

Күнде кешкісің, сыйыр күзетіне кетерде Таңатар, Асылжанның маңдайынан сүйіп:

— Қалқам, бүгін не оқып келдің, оқуды көбейттің бе? — деп сұрайтын. Асылжан аузын томпайтып, көзі күлімдеп:

— Көп оқыдым жәке, ертең оқуға тағы да барамын — деп, шыймайға толы қағаздарын қобыратып, әкесінің алдына жайып салады.

Жұмыстан қолы босай қалса, Таңатар Асылжанның кеудесіне миңгізіп, былдырақтатып сөйлетіп, өзі де қай-қайдағы бір күлдіргі сөздерді айтып мәз-майрам болады.

Мектепке барып, ауылдағы өзі құралыптас балалармен әбден ашына боп алған Асылжан, қазақ тілін орайына келтіре сөйлей бастап еді. Енді ол шамалы жерге әкешесімен онша қыйналмай сөйлеседі. Бұрын, көбінесе, иммен, тоспармен өз ойын әрең деп ұқтыратын Қарлығаш, енді өзінің айтайын дегенін қазақша айтса, Асылжан кейісін ұғып, кейісіне түсінбесе де, іркілмей шамамен жауап қататын болды. Сөйтіп Асылжанның тау еліндегі өмірі сол таудың баурында өсетін қырмызы гүлдей құлшыра түсті...

V

Содан бері үш жыл өтті.

Тамыздың мый қайнатқан ыстық күні. Соғыс біткеннен кейін ел еңсесі көтеріліп, рахат өмірдің құшағына қайта кірді.

Бүгін таңертен Жайлаубай Таңатарға обком секретарі Жаңабергенов беріп жіберген хатты берді. Жайлаубайдың өзін оқып берейін дегеніне көнбей, Таңатар терезе алдында кітап оқып отырған Асылжанды өз қасына шақырып алып, хатты соған оқытты. Жайлаубаймен бірге келген көп орденді, ұзын бойлы майор осы кезде далаға шығыш кеткен.

Асылжан ең әуелі хатты ішінен бір оқып шықты да, беті сұрланып, көзі жасаурап сілейе қалды.

— Даумсынды шығарып оқысаңшы, не жазыпты?

— Қерегі жоқ, оқымаймын, — деді Асылжан кемсендеп, хатты Таңатардың алдына лақтырып тастап, алақанымен бетін басып жылаған бойымен далаға шыға жөнелді.

Таңатар алақтап сасып қалды.

— Жайлаубай, шырағым, өзің оқышы! Не пеле бар еді, мына бір жапқақ қағазыңның ішінде?

Жайлаубай Таңатардың бетіне сүзіле қарап алды да, хатты жайлап оқып бастады.

«Хұрметті Таңатар ағай! Амандықтан кейін сізге айтайын дегенім мынау еді: Жатырқамай бір баланы мәпелеп өсірдіңіз. Сіздің осы игілікті еңбегіңізді партия мен үкмет ешқашан ұмытпақ емес. Енді мынау сол баланың туған әкесі майор Агафонцев алыстан әдейі іздеп келіпті. Бір үйлі жаннан қалған жалғызы көрінеді, ренжітпей баласын өзіне берің, риза ғып жөнелтуіңізді сұраймын...»

Хаттың сөзі Таңатарға қатты тиді. Жаны түршігіп тұла бойы біресе қызып, біресе мұздап, беті тозған шүберектей қуарып, отырған жеріне қыйсайып жата кетті. Жайлаубаймен бірге келген әскери адамның кім екенін ол сонда ғана білді. Жайлаубай оны кеше облыстық соғыс комиссариатының адамы деп таныстырған.



Майор Агафонцев сыршын ішіне түйіп, ешпәрсемен ісі жоқ ад мадай-ақ үнсіз отыр.

Жайлаубай олай айтып, бұлзай айтып Таңатарды көндіре алмады. Үнсіз-тілсіз томсырайып отыра беруге дапшы-дамаған Агафонцев та бір мезетте сөз бастады:

— Соғыстың салқыны кімге тимеді дейсіз. Бір үйлі жаннан тегіс айырылып, қазаққа осым қалды. Табысып-білісе іні, жайымды айтайын деп келіп отырмын.

Осыны айтты да майор мұнайын, төмен қарады. Жас балаша еңкілдеп жыланысы да келді оның. Таңатардың алдына бас иіт жалбарынғысы да келді. Бірақ, ол жылдаған да жоқ, бас иіп жалынбады да, бойын бекітіп, өзі өзі зорға ұстады.

Таңатар алуындап, ашу шақыра сөйледі:

— Мәймөккелейтін түгі де жоқ, — деді ол малдасын құрып қалшымып отырған күні. — Сізге өз қолымнан бала бере алмаймын. Баланың өзінен көзбе-көз сұралық. Алда-жалда сізбен еріп кетемін десе, амалым бар ма, Болмады екен, өкпелемедіз. Айтқанымы айтқан, сөз осы...

Таңатар сөзінің төркіні қатал шықты. Туған әкенің жүрегі мен тумаса да туғаннан артық болған сүйікті әкеңің жүрегі тартысқа түсті сол арада. Екеуінің де өзегіне от түскен секілді. Агафонцев алыстан орағытып, сөзбен жеңгісі келді. Таңатар сөзбен емес, ашумен, қатыңқы қабағымен, томырық мінезімен жеңгісі келді.

Агафонцев оң қолымен маңдайын тіреп, терең ойға шомып аз-кем отырды да, ойындағысын айтпаққа асыққандай, қабағын ашыңқырап, Таңатардың бетіне тік қарап тағы да сөйлей бастады:

— Өтінемін қария, түсініңіз сөзіме, санасыңыз менің халіммен... Басыңызға қонған бахытты тартып әкетейін, аққан бұлағыңызды суалтып, үйіңізге өрт, жүрегіңізге дерт салайын деп келген жоқпын. Жасым кіші болса да, жолы үлкен аға баласымын деп назымды айтқалы келдім. От ішінде ойраң болған бір үйлі жанның атынан, төрт жыл бойына белуардан қан кешісіп, майданның паны мен тұзын бірге жескен талай тар жол, тайпақ кешулерден сүрінбей бірге өткен майдандас достарымының атынан сізге, сіздің қадірлі зайыбыңызға сансыз алғыс алып келдім.

Майордың кірпігіне іркілген жас төсіңдегі көп ордендерге бір-бір тамды. Қаны қашып, сұрланған беті онан сайын сола түсті. Уһлеп, күрсінгенде аузынан шыққан ыстық деп, ішіндегі жалынның сыртқа шыққан аптабы тәрізді. Таңатардан сөз кезегін күтіп, оның аузына телміре қарап отыр.

— Асылжан менің әлімштеген жалғызым еді, — жалғызымды алып жарға құлатқалы келдің бе? — деді Таңатар сұрланып, онан сайын өршелене сөйлеп, — Асылжан менің өлек қолқам еді, — қолқамды суырып әкеткенді келдің бе? Асылжан менің жүрегім еді, жүрегімді кесіп алып, жаныма зәбір салғалы келдің бе? Соны ашып айтың өзің...

— Ойпырмау, бармаймын, көрмеймін деп отырған баланы зорлап қорғасын салып бе мекпиз бе? Осылар бізге не қыл д ійді осы түге, деп маңадан бері пешке арқасын сүйеп, үнсіз мұнайып отырған Қарлығаш та жыланысырай бір күнкі етті.

«Будан басқа айтарым жоқ енді, сөздің тоқ етері осы» дегендей Таңатар отыр сілейіп. Қарлығаш далға шығып кетті. Сөзге қилігудің қийсынын таба алмай, Жайлаубай отыр төмен қалып, майор Агафонцев, терең ойға шомып түнеріп ол отыр.

Қаншама ойлағанмен ой түбіне жете алмай дал болды майор. Өткен күндерінің сарымдүй бұлдырап алыстат баратқан бұлыңғыр суреттері, арманда жау қолында өліп кеткен үй ішінің жандары көзіне елестеп өтті.

Бір үйлі жанның жалғыз қалған кішкентай Аркадий соғыс толқынының айдауымен алыстағы Қазақстанға келіп, тілі, туысы өзгеріп, Таңатар сықылды қарапайым қазақ шалына бала болады, өзінің туған әкесін танымай, өмірі көрмегендей, білмегендей жат болады деп кім ойлаған... Кеш болды. Агафонцев бүгінгі түнді уйқысыз өткізді.

Таң атты. Асылжан жайындағы таластың түйіні шешілетін ақырғы күн туды. Міне, бүгін түнде Таңатар Асылжанның қайткенде бермей алып қалудың амалын ойлап шықты. Майор Агафонцев болса, оның да кесімді түйінді бір ойы бар. Ендігі сөзді Таңатардың өзі бастасын деп, түс ашып, үндеген жоқ.

Асылжан жайындағы әңгімені бүгін Таңатардың өзі бастады. Өздері оңаша сөйлессін деп Жайлаубай бірдеңені сылтауратып қолхоз кеңсесіне кетті.

✓ — «Ашу дұшпан, ақыл дос» дейді біздің қазақ. Кеше ашумен жаныңа тие айтқан сөздерім болса, кешіре қөр, шырағым, — деді Таңатар жылы шыраймен, — бала сенікі екені рас, оған дауым жоқ. Бірақ, көрер қызығандың көбі әлі алда ғой. Басың жас, болашағың мол жігіт көрінесің, айырма бзді балаланымыздан. Зарлағна біз бейбақты... Қый бізге бір балаңды... ✓

Агафонцевтің өзегіне от түсірді осы сөз. Өз алдында елшілдеп бәйік боп отырған шалды да аяйды, бір үйлі жаннан қалған жалғыз қарғасын да көңлі қыймайды. Таңатар сөзіне не деп жауап қайыраын білмей, ойға шырмалып көп отырды. Дүниедегі бар жақсылықты содан ғана күткендей, өмірінің кілті соның қолында тұрғандай Таңатар Агафонцевтің бетіне телміре қалыпты. Асылжанымды шынымен-ақ алып кетіп тақыр мұзға отырғыза ма қайтеді деп, іші-бауыры елжіреп, көзінен ыршыған ыстық жасты анда-санда жаулығының өңірімен сүртіп, Қарлығаш отыр.

Агафонцев ойланып ұзақ отырды. Ақырында ол өз жүрегіне ұялаған қызғаныш, өзімшілік сезімдерін серпіп тастап, шынайы адамгершілік пен әділеттік сезімдеріне жүрегінен орын берді.

— Ойпырмай, мына сөзіңіз жанымға қатты батты ғой! Қыйдым-қыйдым балаңызды өзіңзге, тіршілік болса, көрер қызығым, қызықты дәуренім әлі алда ғой, — деді майор серпіле сөйлеп. Көріңіздер Асылжанның қызығын. Айтқаныңызға көнбей алып кетсем адамшылығым қайсы?

Осы кезде Асылжан ауыз үйге келіп, олардың сөзде-

рін тындап отырған. Майордың мына сөзі оның да құлағына жағып, көкейіне қона кетті.

— Өмір жасың ұзақ болсын, шырағым, бахытты бол, — деді Танатар орнынан ұшып түрегеліп, — Дегенде жет!

— Өркенің өссін шырағым, оңыннан күн, солыннан ай тусын, үбірлі-шүбірлі бол, — деді Қарлығаш қабағын ашып.

Танатар Қарлығашқа көзімен ымдап еді, ол ауыз үйде отырған Асылжанды қолынан жетелеп алып келді.

Қос әкенің жүректерін тартысқа түсірген сыр түйіні енді ғана шешілді. Енді Агафонцев өзін Танатардың тұңғыш баласындай сезінді.

— Қанекей, нарыз орысша сүйіселікші бірі! — деп Агафонцев құшағын жайып Танатарға ұмтыла берді. Оның күн тиіп жел қаққан ерні, Танатардың әредік ақ кірген мұтпен көмкерілген аузына жабыса кетті.

— Келші, қарағым, қазақша төс таясайық! — деді Танатар еңтігіп. Агафонцев тағы да еңсесін салып ұмтыла берді.

Екі жүрек біріне бірі жабысып көп тұрды. Танатар Агафонцевті өз құшағынан босата беріп, оның бетінен шөплетіп сүйіп-сүйіп алды. Агафонцев жас балаша еркеліп алға бұл сүйкімді пішінмен езу тартып күлімсіреп тұр...

— Ағана бетіңнен сүйгізе той, құлыным, — деді аналық мейрімін төгіп, үнсіз сүйсініп тұрған Қарлығаш Асылжанға... Ол аң-таң бол біресе Танатарға, біресе Агафонцевқа қарайды.

— Топтақ болма, жел бермен, сүйгіз бетіңнен, мен саған аға болайын...

Агафонцев Асылжанды қапсыра құшақтап көтеріп алды да, өзі оның кішкентай жүрегін жүрегіне басып, екі бетінен алма-кезек сүйді. Сол мезетте оның шерлі көк-регі кеңейіп сала берді. Жерге түсіруі-ақ мұн екен Асылжан танданған пішінмен майордың бетіне қарады да, жыл беріп Танатардың құшағына барып кірді.

— Ризамын, шырағым, ризамын, Өркенің өссін! Кемпір, шалды, Асылжаныңды ұмытып кетпегейсің. Бұдан басқа не айтайын, — деді Танатар. — Мені өз әкендей, мына кемпірді өз шешендей көр. Ат ізін салып, келіп кетіп жүргейсің!

— Сіздерге өле-өлгенге ризамын. Жалғыз қарғаларыңның қызығын көріндеп. Мені сіздер де тұған балаларыңдай көріп, тірлікте сыйласып өтелік. Мен де осы Қазақстаннан ұзап қайда кетер дейсіз. Орныққан сон қайта айналып келермін.

Ол басын иіп Қарлығаштың қолынан сүйді. Қарлығаш та жүрегі елжіреп, Агафонцевтің бетінен сүйді.

— Бахытты бол, шырағым, үбірлі-шүбірлі бол, — деді кемпір, құлаған жүрегінің алқымына босалмай.

Бәрі де үнсіз тұр. Орталарында Асылжан. Бұлардың адамгершілік қылықтарына іштей риза бол, көңілі тасып тұрған Жайлаубайда да үн жоқ.

Осындай ұлы достықтың данышпан авторы — Сталиннің төр алдында ілулі тұрған үлкен суретіне бәрі де үніле қарап қалысты. «Достық жасасып, осы беттерінен таймай алымдап алға баса беріңдер!» деп тіл қатқандай болды көсем. Майор Агафонцевті шығарып салмаққа бәрі де далаға шықты... Танатар үйінің терезесінен күн нұры қылмындап қарап тұрды.



Т А Н К

С. СЕНТОВ

Қарағанда алыстан
Сорайып мойны бақандай;
Қайырып күйіс, теңкіін
Шөгіп жатқан атандай

Көрініп эне тұр танк,
Сонау бейіт басында,
Тұр мөлініп бір өзі,
Тірі жан жоқ қасында.

Тырп етерге шама жоқ,
Тұралапты тоқырап,
Сөгіліпті тажалдың
Темір жоны қақырап.

Қабырғасы қаусапты,
Бел бүгіліп қайысып.

(Майдан дәптерінен).

Омыртқасы үзілген,
Жіліншігі майысып,
Жуасыған асаудай
Тістен яки теппейтін,
Тұр қыймылсыз, момынсып,
Урсаңда бұлк етпейтін.

...Жатыр жайлы қабірде,
Жандай жақын жолдасым,
Жалауәскер кәдімгі
Ағыбаев Оңдасын.

Жепе-жемле жекпе-жек
«Жолбарыспен» жұлқысқан,
Алма кезек тастасып
Қанға бата қырқысқан.

Сынық сүйем ілгері
Бастырмаған қадамын,
Арпалысып ажалмен,
Тарылдырған заманын.

Амалы асып айкаста,
Түбіттей түткен танкті
Күзеткендей сол танк
Өзін жеңген алыпты.

Тұр тапжылмай батырдың
Бейітінің басында,
Тұр маңқыйып, Қыбырсыз,
Тірі жан жоқ қасында.



Әзімбектің бақшасы



К. ӘБДІҚАДЫРОВ

ӘНГІМЕ

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

«Жас қайрат» колхозының жанында жасыл жапрақты жайқалған гүлді көк майсалы, жана бақша бар. Оның өзгерге көлемі үлкен болмаса да, көз тартқандай көрікті, көрген кісіні сүйсіндіргендей көп жаңалықтары бар. Жамбыл атындағы жеті жылдық мектептің оқушылары оны «Әзімбектің бақшасы» деп атайды. Ботаника сабақтарының тәжірибесі соның ішінде өтеді. Демалыс, мейрам күндерінде де балалар кітаптарын қолына ұстап сонда барып, қою көленкелерде, көк майсаға бөленіп дем алады, әңгіме-өлеңдер оқиды.

Бақты мал басып, басын шалып бүлдірмес үшін айнала шымнан қорған салынып, бейсауат адамдар кірмес үшін аузына қақпа орнатылған. Оны да мектеп балалары өз күштерімен істеді. Орталық бақтарынан еңбегін айттын бір де бала жоқ. Жылда көктем кезінде пионер ұйымы бақтың жабдығына деп қор жыйнайды. Онда қор жыйнауға қатынасұшылар мектептің оқушыларынан екі есе көбейіп кетеді.

Тілі шыққан баланың бәрі Әзімбектің бағын аузынан тастамайды. Күн сайын әжелерін, ана, женешелерін жетелеп баққа бортандап жүгіретін бала көп. Әдемі бағы бар, әсем ойын алаңы бар Жамбыл атындағы мектепке оқуға түсуге бала біткеннің бәрі ынтық. Оқуға жасы толмаған балалардың өзі мойнына кітап қалтасын салып, мектепке баруды әуес көреді. Бұл бақты Әзімбектің бақшасы, — деп атайтын себебі не? Ол Әзімбек қайда?

«Жас қайрат» колхозы «Үшінші бесжылдықтан» бөлінбей тұрғанда, ортақ аты — «Жаңа арна» болатын. «Жаңа арна» қатарлас колхоздарынан ерекше ерте өсіп, адамы да, малы да, егісі де тез көбейіп кетті. Ұзын арна, Айыртау, Ақжар мен Аяқ саздың арасын егін басты. Жаз болса, «Жаңа арнаны» барып көруге әркім-ақ ынтығатын еді. Егіс даласы ұшы-қыйыры жоқ жалпақ төңіздің бетіндей. Айыртаудың үстіне шығып қараған кісі бейне бір түсті кілемге көзі түскендей болатын еді.

Бидай, арпасы, сұлы, тарысы, қауын, капуста, темекі қызылшасы тақта-тақта болып жайқалатын еді. Арасындағы айдалмаған жерлерде көк орай шалғын өсіп, бәйшешек бүртігін жарып, түрлі түсті көбелек гүлдің нәрін сорып, топ-тобымен тұмандана ұшатын еді. Гүлденген егіс даласында көбелек қуып, күнге шыжыған. Әзімбектердің ертеннен кешке шейін көк орай шалғынның көркем көрінісінің қызығына көздері тоймайтын.

«Жаңа арнаның» малдары жайылатын жерлер тағы да тамаша ғой. Қыстауы — құдықты көлептің қоңыр жуаны болады. Жайлауы бетегелі белдің жалпақ жазығы болады. Құлан жалды құлыншақтар құйындата шауып, айналып желіп, анасының бауырына тұмсығын тыға тұра қалады. Құндыз түкті құнан, тайлары көк орай шалғына бөленіп үйір-үйірімен үйездеп, желі жанында жер тарлысады. Көргенде көз мейірін қанып, көңілі шарықтайды. Қойы мен қозысы бұзауы мен ботасы бөлек-бөлек ауыл еді.

10

Сол «Жаңа арна» өсіп, бұтақтанған ағаштай екі айрылды да, екі колхоз болды. Екеуі де бай, малы, машинасы, мектеп, мұғалімі өсті, егісі де көлемін кеңейтті.

Әзімбек есін біле бастағанда, 1-Алматы станциясында оқана еткен оқас бақшаның арасында өсті. Есік алдындағы аласа шыбықтың әдемі бұтақтарында жас баланың алақанындай дөңгелек жапрақтардың желмен жайқалғанына қуанатын.

— Ана, ағашымның теңгесін қарашы.. Көбейіп келеді, үлкейіп келеді, — деп ол «теңгесін алаңын деп жүр» деп торғайларды ушыратын.

Әзімбек бес жасқа шыққанда, көшедегі ағаштар биіктігі біраз жерге барып, бұзау түгіл түйенің мойны бұтағына әзер жететін болды.

«Жаңа арна» бөлінбей тұрғанда, Әзімбектің бақшасының орны 1-бригаданың базы болатын. Әзімбектің әкесі — Темірбек колхозға келген соң өзі тіленіп, сондағы



мұмыс малының күтушісі болып тағайындалды да, сонда көшіп кетті. Оның жанында кішкене ғана бастау болатын. Барлық ағатын суы 20 метрдей жерге барып, екі үйдің орнындай жерді көгал етіп жататын еді. Әзімбек базға келген соң ойнайтын бала болмай, жаз бойы айналдырғаны бастаудың суы болды. Азғана су жайылған көгалда түрлі түсті гүлдер жарылып, түрлі түсті көбелектер ұшатын еді. Бір күні әкесінің қаладан әкеліп берген бір қалта жас өрігін бастаудың басында отырып жеп, сүйегін жерге көмді. Күзде алма піскенде, біраз алманың дәмін де жерге көмді. Баласының балшық ш

кып, оған бірнәрсе тастап, қурай шыбық жыйып қора істеп жүргенін көрген Темірбек:

— Қалқам ау, не істеп жүрсін? — деп сұрады.

— Алма егіп жүрмін, — деді.

— Қайдағы алма?

— Қаладан өзін әкеліп берген алманың дәні.

— Алма дәнінен шығама, қалқам? Асықпа, келесі жылы қаладан көшетін әкеліп беремін, — деді Темірбек.

— Бидай дәнінен шығады ғой, әке. Алманың дәні де бидай сыяқты. Бұл шығады.

— Ақылыңнан айналайын... Шықпаса да мейлі, қоралап берейін деп, ағаш ектім деген жерін шыбықпен қоралай салды. Келер жылы көкпен араласып, бірнеше түп өрік, жеті — сегіз түп алма шықты. Оны көрген Әзімбек әке, шешесіне көрсетіп.

— Міне, менің бағым, апа, енді бұған бұзау, сыйырды жолатпаймын, — деп, бастаудың көгалын қорып бастады. Темірбек баласының талабына қуанып, көмектесе жүріп, базардан екі — үш жылдық оншақты түп алманың көшетін, бірнеше түп терек, тал егіп берді. Күзді күні дәннен шыққан алма ағаштары Әзімбектің өзінің бойындай болып, өріктері онан гөрі де биіктеу болды. Қырман жыйналған соң бригадир, Әзімбектің жеміс ағаштарын көріп:

— Темірбек қасыда тағы бір кісі алда, бір арбамен тікен түсіріп, бастаудың айналасын түгел қорала. Ол жер Әзімбектің бақшасы болсын, — деді. Бригадирдің ол айтқаны орыдалды. Бригадир басқармаға айтып, октябрь мерекесінде Әзімбекке сыйлық берді.

Әзімбектің бақшасы жылдан-жылға іргесін кең жайып ұлғая берді.

Әзімбек мектепке кірген жылы «Жаңа арна» кемеліне келді де, бір колхоздың бесігіне сыймайтындай болды. Сегіз бригада, жеті ферма болды да, оның әрқайсысы бір колхоз сыяқтанып бара жатқан соң колхозшылар бөлінуге қаулы алды. Оны аудан да, облыс та қостады. «Жаңа арна» бұтағын екіге айырып «Жас қай-

рат», «Үшінші бесжылдық» деген екі колхоз болды. «Жас қайраттың» орталығы бірінші бригаданың базы болды да, көшесі ретті, әдемі село салынды. Баздың қорасына мектеп орнап, ол мектепті Жамбылдың атымен атады, Әзімбек сол мектептің оқушысы болды.

Барлық бала Әзімбектің бақшасын қызықтады. Әзімбектің ойынын еңбекпен байланыстырған үлгісі оларға әсерін тигізбей қалмады. Тіпті ата-аналары да оны аңыз қыла бастады.

— Бақшасын көрдім. Баланың ісі дейтін емес, қаланың бақшасынан кемдігі жоқ, жайнап тұр. Ауданның агрономы көріп, мақтап кетіпті. Көкпенбек болып жайқалып, осы колхоздың көркі сол болып тұр.

Бұл сөздер талай баланы ойландырды. Үй айналасына ағаш егу «Жас қайратта» дәстүрге айналды. Село көк ағашқа бөлене бастады.

Әзімбек 3-класта оқып жүргенде, пионер ұйымына кірді. Ол пионерге кірген күні «Жас қайрат» колхозының басқармасына, мектеп директорына хат жазды:

«Қазір менің бақшамда отыз сегіз түп алма ағаш, 25 түп өрік бар. Айналасына еккен жай ағаштар жүзге тарта бар. Ағаштар өскен сайын, көленкесі жеміс ағаштарына зыянын тигізетін көрінеді. Сондықтан бірсыпра жай ағаштарды өз үйімнің қасына көшірдім. Бақшаны

ұлғайта беруге бос жері бар. Осының жерін әлі де болса көбейтіп, жеміс ағашын молайта түсіп, мектептің қарауына берсе жақсы болар еді. Пионерлер бұл бақты тағы көркейте түсер еді» деді. Ол тілегі орындалды. Колхоз қаулы шығарып, баққа біржарым гектар жер қосып берді.

Әзімбек 1946 жылы 7 жылдықты бітіріп, ауылшаруашылық училищесіне оқуға кетті. Ол дем алысында ауылға барып, бақшасын көріп жүреді. Оқып үйренген жаңалығын айтып балалармен әңгіме жасайды. Оның шешесі Қадияша бақшаның жанынан өткенде, арқашан баласының жас кезінде ойнап еккен ағашының әсем бақша болғанын көріп «қарағым, қарағым» деп өтеді.



I. БОЛАШАККА САЯХАТ

... Жаңа ғана жолаушылар поезымен келіп түскен бір топ өлке зерттеуші балалар енді Өскемен қаласынан электр поезына мініп жатты.

Жас жолаушылардың жолбасшысы жаратылыстану мұғалімі Бахытжан Тілеубердиев:

— Қалқам Кұлынтай, біз қазір...— дей бергенде электр поезы жылжи жөнелді.

— Міне көрдіңдер ме, біз қазір жетеміз. Тек төңрекке көз жіберіп, көргендерінді қойын дәптерлеріңе танбалай беріңдер. Жазусыз нәрсені көңілге түйе беру оңай емес, ұмытып қалмастай болайық. Мектепке қайта барғанда, көрген білгендерің туралы ештеңе айта алмай қызаратын болмаңдар. Парталас достарың сендерді мектепке өздеріңе параллель әңгеле алып келеді деп жіберді. Осыны ұмытпаңдар!

Мұғалімнің айтуымен жыйырма бала бірдей, төсқалталарынан күнделік дәптерлерін суырып алып, жол үстіндегі жазғандарын бөліп тастағандай астынан көлденең сызықты бір-бір тартты да, жаза бастады. Сонда жас саяхатшылар былай деп жазыпты:

— Мектептен шыққалы екі тәулік өтті. Жолда талай қызықтарды көрдік. Ал, қазіргі қуанышымыз алдағы көргелі келе жатқан алыбымыздың түрін бейнелеп тұр. Мынау құламалы құздарды жарып салған теміржол, жолдың екі қапталынан егілген ағаштар, оң жағымызда көбігі аспанға шапшыған долы өзен. Жүріп келміз.

Тамаша! Электр поезымыздың берген дыбысы жақындап қалғандығымызды сездірді. Барлығын да жазып жатырмыз...

— Ал, жыйылайық балалар! — деді мұғалім.

Поезд тоқтады. Сол жақта «Аблакет станциясы». Оң жақта «Өскемен Су электр станциясының басқармасы» деген үлкен маңдайына жазуымен зәулім үйлер тұр. Жас саяхатшыларды Абай атындағы орта мектептің аға пионер вожақтығы Валентина Костюкова жолдас қарсы алды.

Өскемен Су электр станциясының бас инженері Нұрмағамбетов Қалаулы саяхатшыларды бастап келеді. Ертістен салынған бөгеттен қарағанда, барлығы да алақанда тұрғандай, шахмат тақтасы сыяқты тәртіппен салынған үйлер, қақ ортадағы бау, ондағы егілген ағаштар сәулеттеніп көрініп тұр. Зәулім клуб, мектеп, радиозал, автомат телефонының буткасы. Көре берсе көз тойтын емес.

— Ағай, мынау қақпа қалай ашылады. — дейді ГЭСтың алып қақпа

сын көрген жас саяхатшылар, Қалаулыға қа аяы.

Темір бетонды көпірдің үстінде тамашалып тұрған саяхатшылар пароходтың айқанын естиді. Сонына бірнеше баржа тіркеген пароход бір қаланы көшіргендей маймандып келеді. Шынында да ол талай адамдар мен адамға керекті өмір азығын сүйреп келеді. Көпірдің оң жақ шетіндегі алып қақпа ашылды. Бірінің голқынымен бірі шайқалып Ертіс өзенінің керуені «Қазақстан» пароходы да өтті.

ГЭСтен тарған жеңді білектей ток кабелдері тарам-тарам болып жана жаққа кетіп жатыр.

— Мынау, Беләус рудниті мен Өскемен мырыш, Ертіс мыс балқыту заводтары, мынау Лениногорск, Зырянді рудниктерін, мынау Катун, Тарғын... рудниктерін қамтамасыз етеді. Қазір жеті агрегат іске қосылды. 240 мың аттың күшіндей қуаты бар. Кенді Алтайдың өндірісті алқабын, ауыл шаруашылығын, Семей облысының бірсыпыра өндірісін қамтамасыз етіп отырған да осы. Бұдан өндіретін электр қуаты, мал отарына да пайдаланылады. Мал сауу, жүн қырқуда да, колхозды ауылды электрлендіруде де бұл ГЭСтің үлкен маңызы болып отыр.

Инженер әңгімесін айта сүріп, ГЭСтің құрылысын жас саяхатшыларға түсіндіріп те шықты. Ертіс өзенінің үстінен орнатылған көпір, ошақты жерінен салынған темір қақпа, Алтай тауын қақ жарып аққан асау өзенді жуасытқандай.

— Біз жаңа заманның — Сталин заманының адамдарымыз. Табиғаттың дүлей күшін жеңген, техниканың тегін меңгерген жанашыл адамдармыз. Біздер табиғатты әлі де жеңе береміз. Халық игілігі! Отан даңқы үшін талай асулардан асамыз. Мұндай алып күштеп біздің өлте көп, әлі де көбейе бермек. — деді Қалаулы алысқа көз жіберіп.

Муны тықдап тұрған саяхатшы балалар көргендері мен естігендерін күнделік дәптерлеріне тізіп алып жатты.

Балалар, бұл суреттегендеріміз қазіргі іргесі қалзып жатқан Шығыс Қазақстандағы Өскемен Су электр станциясының болашақ бейнесі еді. Бұл орындалатын қыял. Ал, енді сендерді осы құрылыстың бүгінгі жағдайымен таныстырмақпыз.

Жаңа құрылыстар



II. АЛЫП ҚҰРЫЛЫС

Бір топ жұмысшы мінген жүк машина Ертісті жағалай зулап келеді.

Қуламалы жартасты жағалай Ертіс өзенінің кен арнасымен қатардаса салынған темір жол. Онымен құрылыс материалдарын тиеген поезд, оған қосарлана адам тасыған машина ағылып жүріп жатыр. Талай сай-сала, жылаладан өтесін, Таудың баурайында қаз-қатар салынған үйлер.

Өскемен ГЭС құрылысының ағаш заводына келдік. Бір жерде бөрене тілетін цех, екінші бір жерде құрылысқа керекті үлкен тіреулер мен жүк тақтайлар дайындалып жатыр. Енді бір үйде кеңсе, үй жабдығына керекті мебельдер жасалып жатыр. Толып жатқан ағаш мастерскойлары. Қаптаған жұмысшылар мен мамандар.


Біз поезға мініп құрылыс орталығына келдік. Бұл жер «Аблакет» деп аталады екен.

Қазақтың байтақ өлкесінің қай жеріне барсаң да, әрбір аймақтың өтпелісі өзіне тән аты болады ғой. Сондай-ақ, «Аблакеттің» де өзіне тән тарихы бар екен.

— Мынау Ертіске құйып жатқан кішкентай өзен. Баяғыда жалғыз жолаушы осыған суға кеткен екен. О жолаушының аты Абылай деседі. Содан бері жергілікті халық оны «Абы



Суретте Өскемен Су



ды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты М. Д. Лялина басқарған Аблай атындағы орта мектеп балалары түрлі қолөнер үйірмелеріне де, қоғам жұмыстарына да белсене қатысады. Құрылыспен бірге өмір сүріп келеді.

Ертістің оңжақ бетінде қаптаран жұмысшылар нөкері мен түрлі механизмдерді нұсқап:

— Мынау, — деді құрылыстың бас инженері — Перемышка, тоназытқыш машиналар. Біреуімен Ертістің суын басқа жаққа аударсақ, екіншісімен мұз етіп қатырып тастаймыз. Ертіс сыяқты екпін күшті үлкен өзенге бөгет салу үшін тоназыту әдісін қолданбай болмайды.

Бұл құрылыстың барлық жұмысы да механизацияланған. Мұнда бірнеше лаборатория, зерттеу станциялары, суды тартып, немесе қатырып жатқан, насос, тоназытқыш машиналары жұмыс істейді. Бөгет салынып жатқан жердегі үлкен шұқырдың суын тартып, тереңдетіп т.б. нына цистерна құятын бірнеше үлкен механизмдер орнатылған.

Өскемен ГЭС құрылысын аралағанымызда мынадағы жұмысшылар мен жүздеген инженер-техник қламеткерлерді кездестірдік. Булар советтің көп ұлтты халықтарының өкілдері. Бірақ, бұлардың барлығы да бір кісінің баласындай бір мақсатты кездейді.

Құрылыс басқармасының күрделі бөліміне қарайтын үлкен-үлкен механикалық цехтарды аралап келеміз. Барлығында да ірі-ірі механизмдердің әрбір бөлшектерін дайындау, жөндеу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

— Қазір, — деді механикалық цехтың бастығы, — цистерна құрастырып жатқан цехқа барамыз. Мұнда да жұмыс істейтіндердің көбі жастар.

Заулім биік цехтың іші толған жұмысшы. Әр жерде жалт-жұлт еткен көк ұшқын, қарасан көзінді ұялтады. Электр қуатымен қалып темірлер қамырша иленіп, желімшә жабыстырылып жатыр. Есіктен кіре беріс-тегі зор қазанды құрастырып жатқан жас жігіттің қасына келдік.

— Бұл Тәттімбетов Қайырбек комсомол-жастар бригадасының бастығы болып жұмыс істейді. Қазіргі сіздер көріп тұрған қыймылы қандай шапшаң болса, ісінің сапасы да соған сай келеді, — деді қасымыздағы Турукалов.

— Иван Александрович, мен бүгінде 350 процент орындадым, — деп Қайырбек басындағы темір қасқасын алып жатып,

— Жарайсын, Қайырбекімі! Соңымыңды Ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдығы атылдығы жарысқа қосылғанға алаң міндеттенді де жүзімде отырдығының бойы! — деді оның бастығы.

Тәттімбетов Қайырбек құрылысқа 1942 жылы келді. Ол алғашқы жұмыс күнін осы құрылыстан бастады. Қайырбек нормасын үнемі 200—350 проценттен орындап келеді. Ол құрылысқа ең хажетті жабдықтарды — цистерналар мен қазандарды электр қуатымен құрастыру жұмысында істейді. Сонымен қатар ол қоғам жұмысына да белсене қатысады.

Мұндай табыс бұларға таң емес. Сол механикалық цехқа қарайтын бір бөлменің комсомол, жастар бригадасын басқаратын Барановтың, Кузнецовтың, Михайловтың, арғын мебель, құрал-саймандар жасайтын Мещеряковтың бригадалары да осындай табысқа жетіп отыр. Құрылыс басталғалы жұмыс істейтін. Отан соғысынан жеңіспен қайтқан жұмысшы Слэмев Самык пен Құмаров Төлештің бригадалары да жұмыстың тамаша үлгісін көрсетіп келеді.

Құрылыста 400 ге тарта стахановшылар бар. Бұлардың көпшілігі тапсырмасын екі-үш есе асыра орындайды. Ал, комсомол, жастардан құралған 18 бригада құрылыстың кеңімді күші болып саналады. 800 ден астам комсомол-жастардан қазір 120 адам тапсырмасын үнемі бірқарым, екі есе асыра орындап жүр.

Құрылыстың таңдаулы адамдарының бірі — Мария Дорофеевна Лялина жолдас. Ол Аблакеттің Азиз атындағы орта мектебінде директор болып қызмет істейді. Балаларға үлгілі тәрбие берген Лялина Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Мария Дорофеевна құрылыс жұмысына да белсене қатынасады.

Құрылысшылардың қай-қайсысымен кездесіп, сөйлескен де, барлығының ойы, жігері бір арнаға құйылғандай. Ол — құрылыс жоспарын асыра орындау.

Міне, Өскемен ГЭС құрылысының адамдары осындай. Алдағы зор келешегіне тез жетуге ұмтылуда.


Өскемен Су электр станциясының құрылыс шеңбері бірнеше онлаған километрге созылады. Әрбір учаскенің арасы темір жол, электр, машина жолдарымен айқуш-ұйқыш кестеленген.

Жұмыстың шешуші кезеңі енді басталды. Әлі де құрылысқа керекті орындар мен пәтер үйлер салу үшін 63 миллион сом қаражат жұмсалмақ. Бұл сома құрылысқа көмекші жұмыстарға ғана жұмсалмақ.


лай кеткен» деп атапты, — деді қасымыздағы Майбарада жолдас.

Ал, қазіргі Өскемен Су Электр станциясының іргесі дәл осы кішкентай өзеннің Ертіске құятын сағасынан қалғанып жатыр. Бұл жер қазір тайпа ел қоныстанып, қайнаған өмір, қызған елдің дүкеніне айналған. Бөрі жортпас құба жөн, жаңғырыққан жартастар жайлы қоныс, салтанатты қала болған.

Міне, сол жер қазір «Аблакет поселкесі» болып аталады. Мұнда бес жүзден аса тұрғын үй салынды. Аблакет поселкесінің тұрғын халқының саны қазір 9 мыңға жетті. Мұнда радиоүзел, орта мектеп, 400 кісілік клуб, монша, асхана, тағысын-тағы көптеген халық игілігі үшін салынған орындар бар. Орта мектебінде 700 дей бала оқиды. Бұлардың өздері ұйымдастырған көптеген түрлі үйірмелері бар. Мектеп балалары зерттеу жұмыстарымен де шұғылданады. Мектеп жанында пионерлер бөлмесі, денешынықтыру алаңы жұмыс істейді. Оқушылар құрылыстың лабораторияларына, завод, цехтарына саяхатқа шығып тұрады. Құрылыс мамандары оқушыларға құрылыстың болашғы туралы әңгіме, лекциялар өткізіп тұрады. Ал, комсомол, пионерлер де құрылыс жұмысына қатысып отыра-



Станциясының іргесі



Менің спорт ойынындағы өмірім

Шоқыр БӨЛТЕҚУЛЫ
ССР Одағының спорт мастери.

Төрт бұрышталып тартылған арқанның ортасындағы ашық алаңда үш жігіт тұр. Оның екеуі үстіне майка, труси, аяқтарына ботинка киген. Қолдарында шокпардай үлкен былғары қолқаптары бар. Бір кезде үшінші жігіт ысқырып қалып еді, ана екеуі жудырықтаса кеп кетті. Бірін-бірі бетке де, жаққа да, шықшыт пен шекеге де, нек пен кеудеге де аямай соғып жүр. Дөңгелек бетті, талдырмаш денелі қараторы жігіт кеудесін ғана қорғай береді. Жак пен шекеден, бет пен мұрынан пәрменінше сартылдап тиіп жатқан жудырықтарды ол шыбын шаққандай да көретін емес. Ал, өзі бір ұрса да, нықтап тұрып, кезеген жерінен дәл соғады. Бір кезде ол өзімен айкасып жүрген жігітті нек пен шықшыттан және жүректің басынан бірнеше рет бастырмалата үсті-үстіне соқты. Екінші жігіт тегеурінді жудырықты көтере алмай құлап қалды. Басқарушы жанына келіп, онға дейін санап «түрі!» деп еді, ол тура алмады. Күрес аяқталды.

Басқарушы:

— Республикамыздың 1946 жылғы чемпионы — Хасанов жеңіп шықты, — деп көпке қараторы жігітті нұсқап, оның қолын көтерді. Халық ду қол шапалақтап бағыр жігітке хұрмет көрсетті. Жүрт оның табандылығына, қайтпас қайсар күшіне риза болды. Бұл республикамыздың астанасы Алматыда жақында болып өткен бокс спорты жарысының бір көрінісі еді.

Бокс-физкультура—спорттың ауыр атлетика деп аталатын түріне жатады және спорттың ең жоғарғы сатысы болып саналады. Жалпы физкультура, спорт ойындары адамды батырлыққа, батылдыққа, шапшаңдыққа, табанды қажырлылыққа үйретсе, денесін құрыштай шынықтырып өсірсе, бокс бұл тамаша хасиетті одан әрі үдетсе, өсіре шындай түседі.

Бокс спорты менгерген адам спорттың басқа түрлеріне де жақсы жетіледі. Себебі жақсы боксер болып шығу үшін спортшы ең алдымен гимнастикелік түрлі дене қыймылдарын жақсы жасай алатын болуы керек.

Мен бокс спортымен 1936 жылдан бері шұғылланып келемін. Бокс спорты менгеру маған оңайлықпен түскен жоқ. Мен физкультура мен спортқа жасымнан ақ әуес болдым. Мектепте оқып жүрген кезімнен бастап гимнастикелік қыймылдарды дұрыс жасап жаттықтым. Жүгіру, секіру жарыстарына құлшына қатысып отырдым. Қыста коньки шаңғы тебеуге, жазда суда жүзуге, ауыр салмақты затты көтеріп, ылақтырып машықтандым футбол волейбол баскетбол ойнауды үй-

рендім. Күрестерге қатыстым. Баку қаласында бірінші рет бокс ойынын көрдім. Ол маған қатты ұнады.

Алматыға кеп, қызмет істеп жүріп, бокс ойынының техникасын менгеруге біржолата берілдім. Сонда да ол мен көп қыйнады. Алғаш ойнай бастаған кезімде бет аузым көнектей болып ісіп кетіп, бірнеше күн тамақ іше алмай қалған кездерім де болды. Бірақ, қыйындықтан тайсалған жоқ. Боксеті менгеруге белімді бакем будым. Қазір маған жудырықтың тигені ешқандай әсер етпейді. Бұрын жай ғана бетке шапалакпен салып жібергенде, көзімнің оты жауқ етіп, етім қатты ауырсынатын болса, қазір, қандай қатты тиген жудырық тек жай шертіп жібергендей ғана көрінеді.

Бокс спортының маған Ұлы Отан соғысы кезінде зор пайдасы тиді. Бір күні екі неміс солдаттың ортасында қалдым. Найзаласып ұрсуға оқоптын іші тарлық етті.


Жудырықтасудан басқа жол қатмады. Екі солдатты қак жүректің басынан жеделдете екі өкінен төрт рет ұрғанымда, екеуі де құлап түсті. Қайтып бас көтеруге шамалары келмеді.

1944 жылы майлаңнан жаралы болып елге келдім. Біраз тынығып дем алғаннан кейін, спортпен тағы шұғыллана бастадым. Бокс жаттығуларын жасап жүрдім. Күн сайын таңертең ерте гимнастика ойыптары ойнаймын. Кешке бір жарым сағат бокс жаттығуларын істеймін. Мұнда да ең әуелі 10—15 минут гимнастика жасап, онан соң 6 минуттай ішіне күм толтырылған салмағы 8 килограмдай қатшықты жудырықтатып, немесе боксерлермен жудырықтасатын болдым. Осындай ерлібей жаттығудың нәтижесінде 1945 жылы Қазақстанның барлық боксерлерін жеңіп шығып, республикамыздың чемпионы атағын алдым. 1946 жылы тағы да бокс спортынан Қазақ ССР-ның чемпионы болдым және Москва қаласында болған бүкілодақтық бокс жарысына қатыстым. Жарыста ССР Одағының спорт мастери Москва жігіті — боксер Сафановты, Одесса жігіті Бакманды, Арменияның чемпионы



Пафян мен Эстонияның чемпионы Тэй және басқаларды жеңдім.

ССР Одағы Министрлер Советінің жанындағы физкультура және спорт істері комитеті менің бұл еңбегімді бағалап, жақында маған ССР Одағының спорт мастери атағын берді. Мен бұл хұрметті атаққа бокс спортына әліде жетіле берумен, жас боксерлерге білім, тәжірибемді үйретумен жауап беремін.



ЛЕНИНОГОРСКИ ЖАС ПИОНЕРЛЕР ЛАГЕРИНДЕ

Өткен жылы бұл жер қалың тоған, ну орман болатын. Жасыл жапрақтары желпілдеген ақ қайың мен сұр теректер көкректерін көтеріп, көкке қарайтын. Міне, сол орманға жас жігіттер мен қыздар келді. Олар қалың орманның ғасырлар бойғы тыныштығын бұзды. Адам даусы, ағаш кескен араның ызыңы және балтаның дүңкілі орман үшін жаңғырықтырды.

Бұлар — Лениногорскі қаласының комсомолецтері мен жас кеншілері еді. Олар бұл жерге жаңа пионер лагерін орната бастады. Көп кешікпей орман ішінде көгілдір түсті көркем үйлер пайда болды. Бұл — Лениногорскі комсомолецтерінің өздерінің жеткіншек інілері — жас пионерлерге арнаған тамаша тартуы еді.

Енді біз сол пионерлер лагеріндегі бес отрядтың бірі — Советтер Одағының Батыры Төлеген Тоқтаров атындағы 3-отряд пионерлерінің қалай демалып жатқандығы туралы бір-екі әңгіме айтпақпыз. Олар өте көңілді тұрады, уақыттарын қызықты өткізеді.

ОТРИДТЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Ну орманның ішінде, қалың талдың тасасында бір күрке тұр. Ол шарбақтан жасалған. Ішіне су өтіп, жел кірмес үшін оны ұзын шөптер, жалпақ жапрақтармен шыпмап орап тастады. Күркенің шеберлікпен жасырынғаны сонша, тіпті бес қадам жерде тұрып та, оны көруге болмайтын еді.

Күркені кім көрінген таба алмайды, тек ерекше белгілерімен ғана табуға болатын. Ол белгілерді тек Төлеген Тоқтаров атындағы 3-отрядтың пионерлері ғана білетін. Ол белгілер ағашқа пышақпен ойылып жазылған сызықтар, қайыңның сынған бұтақтарының бағыты, қалың шөпті жапыра басқан адам ізі болатын. Міне, осының бәрі күркеге тура бастап апаратын. Әрине, мезгеліш белгілерді жасқа да 3-отрядтың пионерлері еді. Сондықтан да ол белгілерді олардан басқа ешкім білмейтін.

Бір күні осы күркеге 3-отряд советінің мүшелері жыйналды.

— Балалар, лагерьде біз не істемекпіз, соның жоспарын жасайықшы, — деді отряд советінің председатели Мұрат Садықов пионерлерге қарап. Балалар оны қоршай түсті. Ұсыныстар мен пікірлер қаптай бастады. Солардан қортылып отрядтың қысқаша айлық жұмыс жоспары жасалды. Ол жоспарда өлкетану саяхаты, отряд жыйынын шақыру, жалпы лагерьлік костерге дайындық, әскери-спорт ойындарын өткізу жұмыстары көрсетілді.

Жалпы лагерьлік костердің соңында спорт жарысы өткізілмек. Әрине, оған осы бастан дайындалу керек. Өйткені, спорт жарысына лагерьдің барлық пионерлері қатысады. 3-отряд пионерлері бұл жарыстарда бірінші орын алуға ант еткен. Сондықтан да олар спорт ісіне үлкен назар аударды. Алғашқы күннен бастап ақ звенолар арасында жүгіру, секіру, граната лақтыру, гимнастика жарыстары жүргізілді.

«АДАСҚАН АЛМАС»

Мұрат Садықов балаларға ыңғай: — Әскери ойын күтпеген жерден басталып қалуы мүмкін. Звенолар әр уақытта дайын тұрсын. Отрядтың шақыру белгісі «Лагерь жыры» болсын. Егерде осы өлең айтылса болғаны, бүкіл отряд пионерлері жедел жыйналуға тиіс. Түсінікті ме, балалар? — дейтін.

— Түсінікті, — деп жауап бересін олар балалар.

Мұраттың айтқаны дәл келді. Бір күні Алмас Омаров дойбы ойып отыр еді. Кенеттен:



«Заманның сайраған бұлбулы,
Ал, қызыл жайнаған біз гүлі,
Сәнімен әлемді ораған
Біз күні, біз күні, біз күні...»

деп шырқап салған ән естілді. Мұны естіген Алмас дойбыны тастай беріп, тұра жүгірді. Ән шыққан жерге келсе, отряд пионерлері жыйылып та қалыпты. Ортада аға вожатыйдың көмекшісі — Анна Гончарова тұр.

— Мен қазір сендерді бір әскери ойынмен таныстырамын. Ол ойын бүкіл лагерьлік жарыста өткізілуі де мүмкін. Соған осы бастан жаттыға беріңдер, — деді ол балаларға.

Бірақ, Гончарова ойынды жүргізу ережесін аға вожатый Коля Сидориннің бөлмесінде ұмытып қалдырып кетіпті. Мұрат ережені алып келуге Алмас Омаровты жұмсады. Бірақ, ол сол кеткеннен қайтып оралмады. Оның орнына біраз уақыт өткен соң аға вожатый Сидориннің өзі келді. Ол Алманың әлі қайтып оралмағанын білгеннен кейін, балаларға оның адасып кетуі мүмкіндігін айтты. Мұны естіген Мұрат:


— Алмас шын адасқан болса, ол жүрген жерлерінде мезгеліш белгілер қалдырады. Ол белгіні Алмас та, сендер де жақсы білесіңдер. Ал, бабалар, шөпіндер, Алманы ізделік, — деді.

Мұраттың бұл сөзін естіген балалар адасқан Алманы іздеуге кірісті. Балалар ағаш арасын аралап, қалың орманды кезді, бүкіл лагерь манайын айналып шықты. Бір мезгілде Олжабай Қасымов Алманың алғашқы ізін тапты. Ол сол ізбен жүріп отырып, бір мезгеліш сызыққа кездесті. Мезгеліш оны бір соқпаққа бастап әкелді. Ол соқпақпен Алманың жүргендігі, оның ізінен белгілі болды. Ақыр аяғында отряд пионерлері бір бұтаның түбінде жапрақты жамылып, жасырынып жатқан Алманы тауып алды.

Әрине, Алмас адасқан жоқ болатын. Бұл — пионерлерді ізшілдікке, талқымштыққа жаттықтыру үшін істеген отряд советінің председатели Мұрат пен аға вожатый Коля Сидориннің ойыны тапқан амалы еді.

Аманжол ДҮЙСЕНБАЕВ

Лениногорскі қаласы



Сапарларың Жемісті болсын

Профессор Ә. МАРҒҰЛАН,

Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті

Балалар, сендер өлкетану саяхатында жүргенде, жаңадан табылып жатқан неше түрлі алып құрылыстармен танысасыңдар.

Республикамыздың байтақ даласындағы нелер сұлу жер шурайын көресіңдер. Ондағы ел өмірін көзбен көріп, совет адамдарының ерлік істерімен танысатын боласыңдар. Сол сияқты жаратылысты, өзен — сударды хананаттар өмірін, өсімдіктер дүниесін, аур райын жер бағытын тау-тасты зерттейсіңдер.

Мұнымен қатар, сендер еліміздің көне өмірінің куәсі болған — ескі мұраларды, тарихи ескерткіштерді зерттеп білуге тиіссіңдер.

Қазақстан бұрын, көбінесе көшпелі тұрмыста болса да, оның жаратылыс жағдайына қарай ерте кезде арықпен сугарған егін жайлары мен көптеген қалалары да болған. Оны сол орта ғасырдан қалған қалалар мен егін сугарған арықтардың орнынан көруге болады. Және орта ғасырларда Қазақстан жерінде қала, қыстау, егін кәсіптері болғанын анықтайтын ескі тарихи жазулар да бар.

Ескі қалалардың орнының көп кездесетін жері әсіресе Сыр-Дарья, Арыс, Келес, Талас, Шу, Жайық, Эмба, Сары Су, Есіл, Іле өзендерінің бойы. Олардың орны үйілген төбелі сияқтыны қорым-қорым болып жатады. Ондай қалалардың орны «Ақтөбе», «Күлтөбе», «Қаратөбе», «Ожытөбе», «Асар», «Жетіасар», «Кент», «Талдықент», «Қызылқеңеш» деген аттармен аталады. Мұндай жерлер кездесе, саяхатшылар дереу көңіл бөліп, оның сырын білуге әрекеттену керек. Егер айтылған төбелер ескі қаланың орны болса, үстінде ескі заманда істелген шөлмектердің, қыштардың сынықтары толып шашылып жатуы мүмкін. Кейде қыйрап жатқан үйдің қабырғасы мен үйілейіп жатқан көшелердің сілеміне көңіл аударуға болады. Олардың ескілікті қала орны екенін айқын білгенде, балалар жұмыла кірісіп, ол «төбенің» ұзындығын, көлденеңін, биіктігін дәлмелді өлшеп, қай жерде, қай ауданда, қандай судың бойында тұрғанын анықтап жазып алынады. Ол жерде шашылып жатқан ескілікті нәрселер көп болса, оларды тегісімен тізіп жазып, мүмкіндігінше суретін салып алу керек. Әр заттың бейнесін, түрін, түсін, формасын, қандай материалдан жасалғандығын анықтап жазып алуға жөн. Табылған заттардың онтайлығын сындырмай, бүлдірмей жыйнап алып мектепке алып келіп қаланың а ауданының музейіне тапсыру керек. Ондай заттар тарих зерттеу ісінің хажетті негізгі, аса құнды материалы болып саналады.

Сыр-Дарья бойындағы ескі қалалардың орны — Оты-

рар, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Қызқала, Жаңакент, Жент, Жетіасар, Кармақшы — ата деп аталады.

Талас өзені бойындағы ескі қалалардың атақтылары — Тарас (Талас), Түймекент, Тасақыр, Құлан тағы басқалар.

Орта ғасырларда Іле өзенінің алабында да бртала үлкен қалалар болған, мәселен: Талғар, Іле-балық, Еңбіл, Қыялық, Алмалық, Ақкент тағы басқалар.

Орталық Қазақстанда одан басқа Жаксыкөң, Боғарай (Нұра өзенінің сағасында) деген ескі қалалардың орны кездеседі. Жайық бойындағы үлкен қаланың орны — Сарайшық. Бұлардан басқа ескі қалалардың орнының көбірек кездесетін жерінің бірі — Қаратаудың солтүстік беткейі. Мұнда Ақсүмбе, Күлтөбе, Тарастөбе, Ескі-созақ, Баба-ата атты ескі қалалардың орындары кездестіруге болады.

Қырға саяхатқа шыққан балалардың көзіне айқын және үздіксіз түсетін заттың бірі — архитектура (сәулет өнерінің) сілемдері. Балалар, бұған да ерекше көңіл бөліп, оның сыртқы құрылысы қандай, қандай материалдан жасалған, ішінде, тысында қандай сурет, қандай жазулар бар екендігіне көбірек көңіл бөлу керек.

Ескілікті мәдениет ізінің бір тобы — тасқа түсірілген жазулар, адамның, малдың суреті. Ондай сурет жазулар (петроглиф) Қазақстанның көп жерінде, әсіресе, Іле өзені бойында, Ертіс жаласындағы биік жартастарда, Орталық Қазақстанда, Ақтау, Ортау, Улытау маңайында, Маңғыстауда, Қаратаудың, Тарбағатайдың күз қойнауларында жиі кездеседі. Сурет — жазу — ерте замандағы ақшы, бақташы — суретшілердің шеберлігін, ол кездегі қоғам даму сатысын көрсететін аса маңызды дәлелдемелердің бір түрі. Біздің мәдениет және көркемөнер тарихы үшін бұл сурет жазу аса құнды нәрсе.

Сондай заттың бір тобы — үлкен кесек тастан қыйып істелген тас суреттер — статуялар. Оны ерте кезде «Болбақ», «Қызтас», «Келішектас», «Кемпір тас», «Кісі тас» деп әртүрлі атпен атаған. Мұндай сурет тастардың көбірек жолығатын жерлері — Орталық Қазақстан, Алматы, Талдықорған облыстары.

Жазғы саяхатта осы тәрізді ғылыми маңызы бар істер істеп қайтқан балалар Советтер Одағында аз емес. Л. Савельев «Тастағы талбалар», деген кітабында 1946 жылғы саяхатта болған Москва пионерлері жаратылысты, геологияны зерттеуде көп жаңа материалдар тауып қайтқанын суреттейді. Осы тәрізді біздің Қазақстан пионерлері де 1947 жылғы жазғы саяхатты жемісті өткізіп, болашақта істейтін ғылыми жұмыстардың негізімен жақсы танысып қайтады деп сенеміз.

**БІЗДІҢ
ҚАЛАНЫҢ
ТАРИХЫ**



Біз Өскемен қаласында турамыз. Бұл қала — Шығыс Қазақстан облысының орталығы, өнеркәсіп пен мәдениеттің кіндігі. Өзіміз тұрған қаланың тарихымен танысу бізді көптен келетіндердің бірі бұл ойымыз орындалды. Біздің отряд бйыыл қаламыздың тарихымен танысуға саяхат жасады.

Сая атты аға вожатый Фания Болатова басқарды. Дружина советнің председателі Қапан Наскенов оның көмекшілігі қызметін атқарды.

Аға вожатый бізге қаланың тарихын айта келіп:

— Өскемен қаласы 1720 жылы салына бастады.

Біо жылы Сибирь губернаторы князь М. П. Гагарин Рәсей патшасы Бірінші Петрге, Жонгария даласында м. т алтын қазнасы бар екендігін айтып, мәлімет береді. Мұны естіген Бірінші Петр Жонгарияға әскери экспедиция жібере бастайды. Ол 1715 жылы подполковник И. Д. Бухгольцтың басқаруымен экспедиция жіберіп, Омь өзенінің бойына Омск қорғанын салдырады.

Ал 1713 жылы подполковник Ступиннің басқаруымен екінші экспедиция жібереді. Олар Ертіс өзенінің бойына келіп, Семипалатинск қорғанын салады.

1719 жылы Бірінші Петр үшінші экспедицияны аттандырады. Экспедицияны майор Лихарев басқарады. Олар 1719 жылы 8 май күні Тобыл қаласынан шығып, Ертістің бойымен жоғары қарай өрлейді, жаз айларының аяқ кезінде Зайсан көліне жетеді. Бірақ, ол жерден қорған саларлықтай ыңғайлы орын таба алмай, әрі қарай, Қара Ертіс өзенінің бойымен жүзеді. Онекі күн өткенде оларды Жонгария ханы Галдан Церен 20 мың әскермен қаман алып, жолына тосқауыл болады. Лихарев 13 зеңбірек, 6 мортирадан оқ атып, қоршауды бұзып өтіп, ілгері қарай жылжымақ болады. Бірақ бұдан ештеңе шықпайды. Қара Ертіс өзенінің ені тар еді, жонгарлықтар оларды суға батырып та жібере жаздайды. Басқа амал таппаған Лихарев жоңғарлықтармен амалсыз бітімге келіп, кейін қаран қайтады.

Лихарев енді Ертіс өзенінің бойынан қорған салатын жер іздейді. Ол жер — Ертіс өзенімен Ульба өзенінің қуылысы болды. Лихарев осы жерге қорған салады. Оны Усть-Камсика деп атайды. Қазақтар осы Усть-камсика деген орыс сөзін өз тілінің ыңғайына қарай бур-малап, Өскемен деп атап кеткен.

Октябрь революциясына дейін Өскемен қаласы кішкене ғана уездік қала болатын. Тек Совет өкметінің тұсында ғана Өскемен — Ертістің бойындағы ірі қалаға айналды, Рудалы Алтай сыяқты бай өлкенің орталығы болды.

Мұнан кейін Болатова мұнда Ертіс ГЭС, Алтайстрой, Ускастрой сыяқты ірі кәсіп орындары салынғанын, кино-театр, драм-театр, музей, қонақ үйі, педучилище, ондаған орта мектептер ашылғанын, сөйтіп, қаламыздың бұрынғыдан танымастық болып өзгеріп кеткендігін айтты.

Бұрын көпшілігімізге жұмбақ болған қаламыздың тарихы-бәрімізге белгілі болды.

Сания ҚАПАНОВА,

Өскемен қаласы, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебі.

**НЕГЕ
БҮЛАЙ
АТАЛҒАН**



Өскемен қаласының басты көшелерінің бірі — Ушанов деп аталады. Осы көшемен жүре берсеңіз қызыл кірпіштен салынған екі қабат үйді көресіз.

Бұл 3-сәуірдегі қыз балалар мектебі. Бұл да Ушанов атымен аталады. Неге бұлай аталған? Әрине, қалаға алғаш рет келген адам бұған жауап бере алмайды. Міне, біздің отрядтың бйыылы бір саяхаты осыған арналды.

Бір күні аға вожатый Валя Похабова пионерлерді жыйнап алып:

— Сендер біздің мектептің және мектеп тұрған көшенің неге Ушанов деп аталатынын білесіңдер ме? — деді.

— Білеміз! Білмейміз! — деген дауыстар қатар шықты.

— Өзіміз Ушанов көшесінде турамыз және Ушанов атындағы мектепте оқыймыз. Тіпті «біз — Ушановшылармыз!» деп мақтанып та жүреміз. Ал оның неге бұлай аталғанын білмегеніміз уят, — деді аға вожатый. — Біздің келер жыйын мен саяхатымыз осыған арналуда тиіс.

Аға вожатый айтқанын орындады. Келесі жұмада отряд жыйыны шақырылды. Жыйынның аты — «Неге бұлай аталған?», мақсаты — көшеміз бен мектебіміздің тарихымен танысу.

Сөз аға вожатый Валя Похабоваға берілді. Ол:

— Біздің қаламызда Яков Ушанов дейтін партизан болған. Ол азамат соғысына қатысқан. Осы өзіміздің Өскемен қаласында бірінші рет совет өкметін орнатты. Өскемен қалалық советінің атқару комитетінің бірінші председателі болған. 1919 жылдары Колчак армиясы Сибирьді басып алып, Өскеменге де шабуыл жасаған. Сонда Яков Ушанов Колчак армиясына қарсы халықтың ерлік күресін басқарған. Бірақ, күші басым жау оларды жеңіп, қалаға басып кірген. Дегенмен, Ушановшылар Колчак өкметіне қарсы өздерінің күресін тоқтатпаған. Астыртын ұйым құрып, күресті жүргізе берген. Бірақ бір кулактың көрсетуімен Колчак бандалары Ушановты ұстап алады. Адамгершіліктен ада болған сурқыялар оны пародоттың пешіне жанып тұрған отқа тірдей тығып жібереді...

Біздің денеміз түршігіп кетті. Бәріміз ауыр ойға қалдық. Яков Ушанов біздің көз алдымызға Сергей Лазодай болып елестеді.

— Сол Яков Ушановтың хұрметіне біз тұрған көше және біздің мектеп сол кісінің атымен аталған, — деді аға вожатый.

Мұнан кейін аға вожатый бізді тысқа алып шықты. Ушанов көшесінің бойымен бастап жүргізіп, көшемен таныстырды. Көшеде жаңадан салынған үйлерді көрсетті. Сонсоң Карл Маркс көшесінің бойымен жүріп отырып, қаланың шетіне шықтық. Ондағы тастан соққан ескі қорғанды көрдік.

— Осы қорғанда, — деді аға вожатый, — Яков Ушанов бастаған партизан отряды Колчак армиясына қарсы күрескен. Олар бұл қорғанды ерлікпен қорғаған.

Көне тарихтың куәсі болған бұл ескі қорған бізге сондай ыстық көрінді, көзімізге оттай басылды.

Роза ГАЛКИНА,

Ушанов атындағы 3-кыз балалар мектебі.

307/94

ПИОНЕРЛЕР ШЕЖІРЕСІ

В. И. Ленин атындағы жас пионерлер ұйымының тарихынан.

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

1934

Август — сентябрь.

Бүкілодақтық төртінші пионерлер экспедициясы ұлы оқымысты И. В. Мичуриннің тапсырмасы бойынша Алтайда саяхаттап қайтты. Экспедицияның жұмысы жөнінде И. В. Мичурин былай деп жазды:

«Жас пионерлер Катунь өзенінің бойымен таулы, жолсыз қиын жағдайларда Ойрат-Туралан қос ағашқа дейін 500ден аса километр жер жүріп... екі айдың ішінде өте кұнды жеміс, тағам, дәрілік өсімдіктерінің бірнеше түрін жыйнады. Бұл экспедиция табысының зор екендігі мынадан-ақ байқалады: экспедиция ССРОның Европалық бөлегін, оның ішінде, әсіресе, солтүстік аудандарын және Оралды аязға шыдамды биязды 13 түрімен, алмадың 20 түрімен, қызыл қарақаттың 27 түрімен, қарақаттың 20 түрімен, бүлдіргеннің 9 түрімен, мойылдың тағы басқа пайдалы өсімдіктердің кұнды түрлерімен байытты. Бұл орасан табысқа шын жүректен қуанамын. Экспедицияға қатынасқан, басшылық еткен адамдардың бәрінің қолын досша қысамын».

1935

Январь.

«Юный Пионер» газетінің Батыс облыстың Қозелькі ауданындағы бала тілшісі Никита Сенинді кулактар өлтіріп кетті. Тап жаулары Никитаны олардың қаскүнемдік істерін әшкерелегендігі үшін қазаға ұшыратты.

Уақығаның болған жеріне облыстық соттың арнаулы коллегиясы барды. Никитаны өлтіруді ұйымдастырушы кісі ату жазасына кесілді.

Февраль.

Киров облысы, Слободскі ауданы Вахруши станицясында пионерка Нюра Соколова станиця жұмысына кесел келтіріп, поездарды апатқа ұшыратпақ болған кулактар тобын әшкереледі.

Декабрь, 4.

Кремльде Тәжікстан мен Түркменстанның маңдай алды колхозшыларының мәжілісі болды. Үкметіміз мақта өсірудегі екпінділерді ордендермен, медальдармен наградтады. Награда алғандардың ішінде бірнеше пионер бар еді.

Мәжіліске қатынасқан тәжік қызы пионерка Мамлакат Нахангова мақта жыйнаудың жаңа әдісін іс жүзінде қолданғаны үшін Ленин орденімен наградталды.

Сталин жолдас Мамлакатпен әңгімелесіп оған өзінің суретін берді.

Мамлакат Иосиф Виссарионовичпен өзінің кездесуі туралы былай дейді:

«4 декабрь күнін мен өмір бақи ұмытпаймын. Мен бұл күні Сталин жолдасты көрдім. Ол мені мені амандасты да, күліп:

—Ал, Мамлакат, сабақты қалай оқыйсың?—деп сұрады. Мен жақсы оқыймын дедім.

Мен Сталин жолдасқа кітап тарту еттім. Бұл оның Ленин туралы шығармалары болатын, тәжік тілінде тұңғыш рет басылып шыққаны еді.

Кітапты ол кісіге бергеннен кейін, сыртына ешнәрсе жазбағаным кенет есіме түсті.

Мен:

—Сталин әке! Кітапты маған бір минутке қайта беріңізші, сыртына сөз жазуды ұмытып кетіппін,—дедім.

Сталин жолдас жылы тыраймен күлді де, кітапты маған қайта берді. Мен оның сыртына тәжікше:

—«Сталин әке! Мен жақсы оқыймын!» деп жаздым да, қолымды қойдым.

Сонан кейін Сталин мені күлақтап, бетімнен сүйді. Өзінің суретін алып, сыртына былай деп жазды:

«Мамлакат Наханговаға оқуы мен жақсы жұмысы үшін, И. Сталин».

1936

Февраль.

Еліміздің озат малшыларының апрельде болған мәжілісіне жас төлдерді қамқорлыққа алған пионерлер

де қатынасты. Үкмет алты пионерді «Хұрмет белгісі» орденімен наградтады. Награда алған пионерлердің ішінде Қызыл Армияға сыйлыққа жақсы аттар өсіріп берген Барасби Хамгоков дейтін бала бар еді.

Барасби Хамгоков мәжілісте өз ауылының балалары атты қалай өсіретінін айтқанда, Сталин жолдас одан:

—Сендер нешелесіндер?—деп сұрады.

— Мен он үштемін, — деп жауап қайтарды Барасби.

—Міне жігіт!—деді жолдас Сталин.

Сол күні Сталин жолдас мәжіліске қатысқан Леша Фадеев дейтін пионермен де әңгімелесті. Сталин жолдас Лешаға:

— Бәрін де өзің сыяқты жас төлге қамқор ететін бол, сонда біз отрядты түгелімен Москваға шақырамыз, — деді.



Март, 22.

Советтік Грузияның маңдай алды адамдарының делегациясының ішінде болған, Тбилисидағы 3-мектегінің оқушысы пионерка Этери Гвацеладзе сабақты өте жақсы оқығандығы үшін, қоғам жұмысын өте жақсы жүргізгені үшін «Хұрмет белгісі» орденімен наградталды. Сталин жолдас Этериді жоғары үкмет наградасын алғандығымен байланысты құттықтады.

Июнь, 29.

Москвада қалалық пионерлері үйі және 28 аудандық балалар паркі ашылды.

Сентябрь 17.

Вячеслав Михайлович Молотов Артеkte болып қайтқан бір топ пионерлерді Кремльде қабылдады.

1937

Январь.

Москвадағы 203 — мектептің Орджоникидзе атындағы отряды Советтер Одағының барлық пионерлеріне арнап үндеу жазды. Олар үндеуде әрбір пионер үш Отан қорғау значогіне норма тапсыратын болсын,—деді. Бұл үндеуді бүкіл еліміздің пионерлері қостады.

Февраль, 12.

Ленинградта, бұрынғы Аничков сарайының әдемі үйінде Пионерлер сарайы ашылды. Сарайдың ашылуына арналған тойға Ярославский жолдас қатынасты. Тойға жыйналған пионерлер Сталин жолдасқа және Жданов жолдасқа алғыс айтқан хаттар жіберді.

Март.

Республикалық Испания жауынгерлері мен командирлерінің балалары Советтер Одағының пионерлеріне Барселона пионерлерінің туын жіберді.


Апрель.

«Пионерская правда» газеті солтүстіктегі Игарка қаласының пионерлері жазған «Біз Игаркаданбыз» деген кітаптан үзінді басты. Бұл кітап Алексей Максимович Горькийге арналған еді.

1938

Январь, 2.

Ленинградта, Пионерлер сарайында пионерлердің Бүкілодақтық Үшінші шахмат — дойбы турнирі ашылды. Турнирге онсегіз қаланың команда-



лары қатынасты. Турнирде бірінші орынға Москва пионері, қазір Советтер Одағының гроссмейстрі Василий Смыслов ие болды. Жалпы турнирде ленинградтықтар жеңіп шықты.

Январь, 25.

Советтер Одағының Батыры В. П. Чкаловтың пионерлерге жазған «Әрбір нар тәуекел—игілікті іс емес» деген хаты жарияланды.

Валерий Павлович, көшеде тәртіп сақтамай, жүріп келе жатқан трамвайдан секіру ерлік іс деп ойлайтын балаларды қатты сөкті.

Чкалов хатында былай деп жазды: «Балалар көшеде тәртіптілікке үйрене алады, ал тәртіптілік дегенді батылдықтан екі елі ажыратуға болмайды. Көшеде дұрыс жүріп-тұруға, көшедегі жүріс тәртібін берік сақтауға өзінді өзің дағдыландыруың керек, өзінді өзің соған көндіктіруің керек. Мұның ешбір қыйыншылығы жоқ, бірақ бұл әрбір батыл адамның басты қасиеті—тәртіптілікті өсіруге пайдалы тәжірибе болып табылады».



Май.

Москвада жас пионерлердің Одақтағы бірінші стадионы ашылды. Астана жас физкультурниктерінің стадионының ашылу хұрметіне арналған парады болып өтті.

Клухори қаласының (Грузия ССРы) пионерлері мұғалімдерінің басшылығымен Уруп өзенінде мектеп пен пионерлер клубына жарық берерліктей электр станциясын орнатты.

Июль.

Жол қатынас халық комиссары Л. М. Каганович Томскі темір жолындағы Алейскі станциясының поезді апаттан сақтандырған бес пионерін бағалы сыйлықпен наградтады.

Сентябрь.

Баку қаласында тұратын Миша Ладовский дейтін пионер Калинин



жолдастың суретін салып, оны Михаил Ивановичке тарту етіп жіберді. Калинин жолдас Мишаға былай деп жауап хат жазды.

«Қымбатты Миша! Мен сенің жіберген тартуыңды алдым. Ол маған өте ұнады. Шынында, сурет онша дәл салынбаған, бірақ оқасы жоқ. Жалықпай табанды түрде жұмыс істесең, сурет салуды жете үйренсең—суретің жақсы шығатын болады. Сондықтан, егер сурет салуды шынымен ұнатсаң, өз бетіңмен сурет сап көбірек дағдылан. Сонымен қатар, меніңше фотографиядан көшіріп салғаннан гөрі заттың өз кескініне қарап салған жөн. Ол үшін адамдарды, табиғатты көп зерттеп үйрену керек. Сонда, егер сен сурет салу техникасын меңгерсең, сенің суреттерің көркемөнер шығармалары бола алады. Міне, менің айтар ақылым осы. Сен шындық өмірдің бейнесі боларлықтай өзіңнің бірінші еңбегіңді жасағанда, мен сенің қуанышыңа ортақ болу үшін оны көруге маған жібер.»

Жіберген тартуыңа рахмет. Сәлеммен М. Калинин».

Сентябрь.

Н. К. Крупская пионерлер мен мектеп оқушыларына арнап хат жазды. Ол совет елінің балалары сабақты қалай оқуы тиіс екендігі жөнінде жазған еді. «Шың жайдары бахытты өмір сүру үшін,—деп жазды Надежда Константиновна,—көп толғанып, көп білу қажет, баспен де, қолмен де жұмыс істеуді үйрену қажет. Соғыста мылтық қандай керек болса, білім өмірде сондай керек.» Надежда Константиновна балаларды оқытудағы, тәрбиелеудегі мұғалімнің зор қызметін айта келіп, былай дейді: «Совет мектебінің оқушылары мұғалімді қадірлеп, хұрметтеулері керек, оның класта жұмыс істеуіне көмектесулері керек, оның уақытын босқа кетірмеу керек».



АРАМ ШӨПКЕ ШАБУЫЛ

Жазғы таң. Жаңа шығып келе жатқан күміс күннің шұғылалы сәулесі терезеден өтіп, Ақашты бетінен сүйлі ояты.

— Жаным, әлі ерте, жата тұр, — деді оған апасы, — Оқуларың бітті, Енді несіне асығасың.

— Ана, менің басқа да жұмысым бар, — деді де Ақаш тез тұрып киінді де, асыға басып үйден шықты. Кеше отряд советінің мәжлісі болып, онда барлық пионерлерге колхоздың егіс даласының арам шөбі жұлу жұмысы міндеттелген болатын. Пионер Ақаш Оспанов сол пионерлік міндетті аброймен орындау үшін асығып бара жатыр еді.

Ақаш мектепке келсе, отряд пионерлері жыйналып та қалыпты. Отряд советінің председатели оларды қатарға тұрғызып, ауылдың сыртына қарай бастап жүрді.

Қайтқан қаздай тізілген жас пионерлер колхоздың егіс даласына қарай қозғалды. Олардың ал қызыл кишкене жалауы сұлу танның самал желмен желп-желп етіп, күнмен шайылыады. Пионерлердің қосылып алтқан «Жас пионерлер жыры» мен барабаннан шыққан дүркін-дүркін дауыс тәу-тасты жаңғыртады.

Ара вожаты Шәукет Сейтов бригадирмен кеше келіскенді. Ол келісім бойынша пионерлер бес гектар егіс жерінің арам шөбін жұлуға тиісті еді. Пионерлер сол арам шөп жулатын жерге келді. Отрядтағы төрт зверо бес гектар жерді өзара бөлісіп алысты. Пионерлер жұмысқа кіресті. Әрбір зверо өзіне тиісті жердің арам шөбін қызу жұлып жатыр. Жолдастарымен бірге жүру, жұмыс істеу — қандай жақсы!

Күн кешкіре бастады. Пионерлер де бес гектар егістік жердің арам шөбін жұлып бітірді. Жұлынған арам шөбі аңыздың шетіне бір жерге үнді де, от қойып өртеп жіберді.

Н. К. Крупская атындағы колхоздың пионерлері жаз бойы егіс даласында осылай еңбек етіп келеді. Олар жүздеген гектар жердің арам шөбін жұлды. Өз колхозының егіннен мол өнім алу жолындағы жанқиярлық күрестеріне өздерінің үлестерін қосты.

Орынбай АЙМАҒАМБЕТОВ,

Ұлан ауданы, Н. К. Крупская атындағы колхоз.

ЗЫЯНДЫ ЖӘНДІКТЕРДІ ЖОЯМЫЗ

Бір күні әкем әкеуміз егін жайы аралап келе жаттық. Әкем белуаразы келген бадайды, қалың өскен тәрмені көрді де:

— Егін жақсы шыққан. Әгтең, жауы көп. Солар кесірін тигізбесе жа-рар еді, — деді.

— Ол қандай жау? — дедім мәт таңданып.



— Сары шұнақ, атжалман, көр тышқан мен сұр тышқандарды айтам, — деді әкем.

Мен әкемнің бұл сөзін көңіліме мықтап түйдім. Үйге келген соң өзімнің достарым Мұқаш пен Төлеуді шақырып алдым. Оларға тышқан ауласақ деген пікірімді айттым. Олар менің ұсынысымды мақұл көрді.

Міне, содан бері бір ай өтті. Біз тышқан іздеп талай жерді араладық, талай інді қазып, талай шелек су кұйддық. Бірақ, еңбегіміз еш болған жоқ. Бір ай ішінде 225 тышқан ұстадық. Осы ұстаған тышқандарымыздың жаз бойы ысырап ететін астығын есептегенде, үшеуіміздің де төбе шашымыз тік тұрды. Олар жаз бойына төрт тонна астықты ысырап етеді екен!

Егіннің жауы-тышқандарға деген өшпенділігіміз одан сайын арта түсті. Оларға қарсы жорықты күшейте түстік.

Мырзабек ДҮИСЕНОВ,

Шемонайхы ауданы, «Қызыл партизан» колхозы.

КОС БАСЫНДА

Түскі демалыс кезі. Пішеншілер көліктерін доғарып, қос басына жыныла бастаған. Осы кезде ауылдан газет пен журналдар алып, пионер Сағнай да қос басына келіп жетті.

— Шырағым, газетінде не жаңалық бар, оқышы, — деді пішеншінің бірі оған.

Сағнай «Алтай большевигі» газетінің соңғы санын алып, ашты да:

— «Шығыс Қазақстан колхозшылары көсемге берген антты аброймен орындауда. Қазір облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары егіннен мол өнім алудың негізін салуда», — деп газетті зулатып оқып жөнелді. Колхозшылар құлақ қойып ықыласпен тындап отыр. Ол, сол сыяқты, агрономдық кеңес, партия, совет тұрмысы және шетел хабарларын да оқыды.

— Бәрекелді, көп жаса, қарағым! — дейді колхозшылар оған оқыған сайын ырза болып.

Пионер Сағнай Серіков быйыл V-классты өте жақсы оқып бітірді. Оқу жылы аяқталған соң, ол баспауыш комсомол ұйымының секретарі Сыздықов жолдасқа барып, үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізуге өзінің қол қабыс тигізгісі келетіндігін айтты. Сыздықов оған қос басына барып, колхозшыларға газет, журнал оқып тұруды міндеттеді. Міне, содан бері Сағнай газеттің жаңа саны келсе болғаны, қос басына жөнеледі. Оны колхозшылар асқан құрметпен қарсы алып, өздерінің қонағындай күтеді. Сағнай оларға газет, журнал оқып береді.

Нұрқаш ҚАСЫМБЕКОВ,
Ұлан ауданы, «Прииртишский коммунары» колхозы.



(Бір әктілі, үш суретті сцена).

Ж. ҚОНАҚБАЕВ

Суреттерін жасаған Н. Ф. БОРТНИКОВ

Қатынасшылар: Алтын, Шолпан, Жанат, Темір, Әлтай, Сәтен, Саша (пионерлер), Ақан (оқытушы).

БІРІНШІ СУРЕТ

Пионерлер бөлмесі. Алтын терезе алдында кесте тігіп отыр. Шолпан терезеден қарап тұр. Жанат кемелің нұсқасын жасап жатыр. Темір қолына өзі салған гүлдің суретін ұстап, оған арнап өлең жазып, Саша глобустың нұсқасын жасап отыр. Перде ашыларда сызылтып салған ән естіледі («Қазақ вальсі»).

Шолпан (баяу бастап).

Бесіктен сүйгенім сен, сұлу белдер,
Асқар шық, кербез төбе, күміс көлдер,
Қырмызы қызыл гүлді, көк орайлы,
Ну орман, алтын бесік өскен жерлер.
(бөлмедегілердің бәрі қосылып).
Сайрайды бұлбулық,
Гүл жайнап ой-қырың,
Сүйкімді көлдерін,
Жібектей жерлерін,
Туған жерім-алтын бесік.
Ана,
Ана,
Анатайым, алтын бесік!

Алтын (өлеңді бөліп). Әне, қараңдаршы! Сонау сұлу белдерге қараңдаршы, Тау етегін көмкерген қызыл гүлге қараңдаршы. Қалай жайнайды! (Бәрі үңіле терезе-жаққа қарайды).

Темір (желкесін сыйпап, орнынан тұрып). Жаман емес. (Салған суретін көрсетіп.) Бірақ, біздің гүл де одан қалыса қоймас. Оның үстіне өлеңім ше? (өлеңін оқып)

Қызыл гүл, нұр жайна,
Құлпырсын жеріміз
Аялы өлкеміз,
Ардақтап еліміз.

Жанат (Кемесінің желкемін байлап жатып). Жарансың, досым, Жарайсың. (Орнынан тұрып дауыстап). Жас, әнші, көгілдір толқынды теңіз әнін шырқа.

Шолпан (Жанатқа). Жолдас капитан! Сапарыңыз он болсын.

Жанат. Айтсын, Каспи арқылы Қара теңізге барамыз. Қазне отырыңыздар, билет алыңыздар.

Шолпан (қуанышпен). Ақ, келіндер Саша кел.

Саша (орнынан тұрып жатып). Қара теңізге? Кемемен барамыз ба? (Глобусты шырқайналдырып). Қандай өзендер арқылы баруға болады? Э, таптым, таптым. Аралды Каспиге қосу керек, одан Қара теңізге дейін тағы да жол табуға болады. (Кемелің нұсқасын көріп). Өте шебер жасалған. (Баяу әндетін).

Теңізден толқынды
Қорық па, жас ұлаң,
Қайырлы сапарға
Бастай бер, капитан.

Шолпан (Қол шапалақтан). Ал, Жанат, біз сенің кемелді осылай құттықтаймыз.

Жанат (достарының қолын алып). Рахмет, Темір, Рахмет, Келесі кемелі бұдан да жақсы жасауға тырысамын. (Сашаға). Ал, Саша, сен маршрутыңды әзірлей бер.

Саша. Маршрут әзір. Біздер үшін теңіз жолдары әлде қашан ашылған. Атақты Колумб мен Магеллан, Седов пен Нансен, Папанин салған жолдар сайрап жатыр.

Шолпан (ойланып). Қазір мынау кемелі, анау кестені, глобусты пионер бөлмесінде жасап отырмыз. Ал, ертең ше? Осыларды өзіміз біреуге үйретеміз. Сол кезде, капитан Жанаттың кемесі Солтүстік мұз теңізді шарлап жүрсе, Саша үлкен-үлкен каналдар салдырып жатар.

Алтын (Шолпанның сөзін бөліп). Ал мен ше? (Кестесін көрсетіп). Кілем тоқытын фабриканың инженері боламын. Сіз халық артисткасы боласыз ғой. Қыз-Жібектің күймесіне жабатын кілем керек болса, таңдағаныңызды алыңыз, —деп тұратын боламыз. (Жанатқа). Әрине, сенің кемелің де төсеу үшін кілемдер керек болар.

Темір (мақтанып). Сол кезде мына бізге келіп жолдас халық суретшісі, біз сізге келіп едік. Жібек кілем тоқымақшы едік. Соның өрнегін сызып берсеңіз, деп тұрмайсыз ба екен...

Саша. Па, шіркін! Мынаның мақтануын қара.

Алтын. Сен де солай мақтанасың ба, жолдас агроном.

Саша. Жок, мен елсіз далаға ел қоядырып, өсімдіксіз даланы көк орай шапғынына мол жетікке қалтырғым

келеді, «Жолдас агроном, келесі жылы астықтың шығымын быйылғыдан да арттыра түсуіңізге тілектеспін» деген құттықтау телеграммалар жан-жақтан келіп жатса, болғаны. Ие, біздің колхоздың бидайы бүйректей, күнбағысы жүректей, қауыны қазандай, алмасы шарадай болғанын көру, есту қандай жақсы. Мен мақтан сүймеймін деп тұрып, көп сөйлеп кетіпін ғой. (Жанатқа). Қане, жолдас капитан, бір би билеп жіберсек қайтеді?

(Бәрі қол соғып «Бүркіт пен қоян» биін билейді. Би қыза түседі. Үстінде ақ халаты, көзінде көзілдірігі, қолында қағаз-қарындашы бар Сәтен кіреді).

Сәтен (биді тоқтатуға әрекеттеніп). Бұларын не, үйді шандатып жібергендерін?

Шолпан (кенет тоқтай қалып). Ә, жолдас дәрігер, сіз бе едіңіз. Хош келдіңіз. Төрге шығыңыз.

Сәтен. Рахмет. (Барып орындыққа отырады). Қане, жолдас капитан, мұнда келіңіз. Қолыңызды көрсетіңіз, (Жанат жақындап келіп саусақтарын көрсетеді). Басқа саусақтарының тырнағын алғанда, шынашағының тырнағын алмауың қалай. Бәрінікін де алу керек. (Дәптеріне жазып қояды).

Шолпан. Жолдас дәрігер, сіз бірден тексере келдіңіз ғой.


Сәтен (байсалды түрде). Бұйрық солай. Орындау керек. Алтын сен немене саусағыңды сыяға малып алғаның ба? Жетімші класты бітірген, деп кім айтар сені. Ал, Саша, бері келші. (Көкөрегін тындап). Жорыққа баруға қалай жарайсың ба, жоқ па? (Бас аяғына қарап). Өте нәзіксің. Дене шынықтыру кыймылын жасамайсың ғой деймін. Жарамайды. Ал, достар, ертең жорыққа шығамыз. Айтқандай, Алтын сен асбасшы болады екенсің. Оны біліп қой.

Алтын. Мен бе?

Сәтен. Ие, сен. Байқа жорықта жүргенде асбасшылық ету оңай болмайды.

Шолпан. Жорыққа шығамыз, Ә, сендерге айтуға ұмытып кеткен екем ғой. Біз тәнертең өрте жыйналуымыз керек. Сол бұрынғы маршрут. Ауыз әдебиетін жыйнаймыз. Алтай мен Сұлушаштың болған жерлеріне барамыз. Мен колхозшыларға концерт көрсету ісін басқарамын. Саша жас бақшашыларға кеңес береді.

Темір (желкесін сыйпап). Өзіміз жорық шежіресін жазамыз. Жорық кезінде көрген қызықтарды жыйнап жазып отыру қандай қызық.



Жанат. Ал, ендеше кеттік саяхатқа. Қане отырындар кемеге.

(Бәрі кетуге жыйнала бастайды).

Шымылдык.

ЕКІНШІ СУРЕТ

Алад. Саяхатшылар. Алтын ас пісіріп жүр. Темір қабырға газетіне сурет салып, Саша жыйнап алған гүлдерін реттестіріп, Алтай жорық күнделігін жазып отыр. Сәтен Шолпанның саусағына қадалған шөгірді алмақ боп әуреленіп жатыр.

Сәтен. Бұл не? Шөгірден таяқ жеді деген не?

Шолпан (ауырсынып). Мұның тікенек екенін кім білген. Ұстай алып едім, (қолын тартып) саусағымның дыз ете қалғанын бір-ақ сездім.

Сәтен. Тоқта-тоқта! Шыдамсыз болуға жарамайды. Қай шөптің тікенек, қай шөптің улы екенін айыра білу керек. Ал, сен сабақта танысқан өсімдіктердің атын ұмытып қалыпсың. Және одан таяқ жейсің. Бұл жарамайды.

Шолпан (кейіп). Сен өзің кісін уалта береді екенсің. (қолын жұлқыды).

Сәтен. Тоқта-тоқта! Бәсе десеңші. Сен үшін мен де ұялып отырмын.

Темір (бір мақаланы оқып). Дұрыс-ақ. Шолпанның жаңғалақтығы. Мұның қолына шөгір енгізіп алған суретін қоса салып қою керек. Әндетеді).

Ал, бізге жыр жырла, қане, шаттық желі,

Шаттық желі, шаттық желі,

Сен шарладың тау мен теңіз барлық жерді,

Барлық жерден есіттің жырды...

Саша (бір гүлге тесіле қарап). Жап-жана жап-жасыл болып тұрған гүл енді бозарып сеніп барады. (Кұмырасындағы судан бүркіп). Уакасы жоқ. Сен, гүл, тіпті армансызсың. «Оқымыстылардың» қолына түстің. Сенің көп жыл жасауыңа қандай тілектеспіз. Көп өсуіңе де себепкер болармыз. Ататегің зерттеледі. Оқушылармен танысасың. (Өсімдіктердің бірінен соң бірін қарай бастайды).

Алтай (Темірге). Бұл күндер ешуақытта да ұмтылмас-ау. Мынау тұрған көкпен тілдескен баяғы Сандықтас. Біздің балалық шағымызға ол да риза. Киіктің лағындай ойнақтап, оның да төсіне талай шықтық. (Дәптеріне жазып).

Темір. Рас. Мұның басына Алтай мен Қайсар да шықты. Бұл таудың бауырында Әбдіров Нүркен де, Мамыраев Мартбек те еркелеп өсті.

Алтай. Бұл көпті көрген көне тас, — дейді қариялар. Бұл аймақта азамат соғысы жылдары партизан отрядтары жауға қарсы ұрысқан. (Садақтың сынығын көрсетіп). Мынау садақты көрдің бе? Менімше, сол Алтай мен Сұлу шашты, Қайсар мен Ермекті қуған қуғыншылардың қаруы болар. Бұл жорық шежіресіне кірегін жақалық. (Дәптеріне жазады).

Алтын (Алтайдың сөзін бөліп). Тамақ ішіндер. Бүгінгі тамақ өте дәмді болып әзірленді. (Сәтенге). Жолдас доктор, тамақ пісті, тұзын-дәмін көріп беріңіз.

Сәтен (көз әйнегін жиіп). Қане, жүріңіз. (Екеуі от басына келеді). Қасық беріңіз.

Алтын (қасық пен кружка беріп жатып). Өте дәмді шығар деймін.

Сәтен (дәмін көріп). Тұзы ашылау. Кішкене су қосып, тағы біраз қайнату керек. Әрине, жорықта сусыз аймақта жүргенде тұзды көбірек пайдаланған да жөн. Бірақ, мөлдір бұлақты, ну тоғайлы жерде жүріп тұзға оша ұйір болу жарамайды.

Алтын. Әрине, ол дұрыс қой (кателокке су құяды). Жетеме жолдас доктор.

Сәтен (көз айнегінің үстіне қарап). Жетед, жетед Шолпан (Әлтайға). Әлкен, басташы жорық шежіресін. Әлгі мектепте жүргенде Ермек туралы айта беруші едің ғой. Соны енді айтшы.

Барлығы (Шолпанды қоштап). Бастап жібер! Ермектің суға кеткен жерін айтшы.

Әлтай. Анау өзен Ермек кеткен Жарлы өзені. Оның ағысы өте қатты, Алтай, Қайсар, Сұлушаш, Ермек төртеуінің содан өтіп бара жатқан кезін ақын былай суреттеген:

... Жынды толқын жынданып, сылқ-сылқ күліп,
Домалатып сәбиді әкетті іліп.
Тілсіз жау жас сәбиді аяған жоқ,
Одан жаман толқыды көрін тигіп,
Устаймын деп ер Алтай ұмтылғанда,
Шөп беріп жөнелді Ермек суға кіріп,
Төртеуінің біреуі суға кетіп,
Үшеуі шықты-ау судан дымы құрып.
Сол кезде күн де батып бара жатты,
Мөлдір су енді қызыл қан боп ақты.
Қызыл көбік құтырып, иіріліп,
Қып-қызыл боп толқынды толқын жапты,
Сәби Ермек бөленіп қызыл суға,
Өзеннің түбін қауып мекен тапты...

Барлығы Әлтайдың сөзіне риза болып, қол шапалақтайды.

Алтын (кенет). Пәле, қазан тасып кетті! (От басына қарай жүгіреді).

Сәтен (сағатына қарап). Әдетте, тамақты мезгілінде ішкен дұрыс. Ал, жүріңдер. (Барлығы қасық, кружкаларын алып Алтынның төңрегін топталады).

Шымалдық

ҮШІНШІ СУРЕТ

Күз. Мектеп алақы. Ақан демалыстан қайтқан оқушыларды тізімге алып отырады. Оқушылар бірінен соң бірі келіп жазғы табыстарын көрсетіп жатады.

Ақан (Саша, Алтын, Шолпанды қарсы алып). Келіндер, келіндер, балалар.

Саша.

Алтын. Сәлематсыз ба, Ақан ағай?

Шолпан.

Ақан. Амансыздар ма, қарақтарым? (Қолдарындағы заттарды көріп). Түу, саяхаттан олжалы қайтыпсыздар ғой.

Саша (қолындағы коробканы ұсынып). Мен гүлдің онбес түрін, көбелектің он түрін әкелдім.

Алтын (жарыса сөйлеп). Мен өзіміздің демалыс кезінде болған жердің көрінісін орамалға кестеледім. Мұны пионерлер бөлмесіне қоямыз. (Екі-үш кестені ұсынады).

Ақан. (Шолпанға). Ал, Шолпан, сен ше?

Шолпан. Менің де олжам бар. («Қазақ вальсіне» әндеге бастайды, барлығы тыңдайды).

Аялы алтын аймақ туған жерді,
Аралап ну орманды, шалқар көлді,
Жүргенде жорық жырын мен үйрендім,
Көтерген көкке өрпете көңілімді.

(Қайырмасы)

Ақан (риза болып, арқадан қаға). Дұрыс-ақ, бұл да олжа.

(Жанат, Темір, Сәтен, Әлтай кіреді).

Ақан (оларды да қарсы ала). Келіндер, келіндер! (амандасады).

Жанат (кемесін ұсынып). Үлкен кемелің бірі, Америкамен екі арада сәуде қатынасын жүргізуге болады.



Ақан (мақұлдай). Дұрыс-ақ!

Сәтен (Сумкасынан екі-үш бақаны алып, стол үстіне қойып). Баканың екі түрі. Бірін бапнақты жерден ұстайдым. Ал, мына бірі құрбақа.

Темір. (сумкасынан бірнеше дәптерлерді шығарып жатып). Бізде құралақан емеспіз. Жорық шежіресін жазып келдім. Мынау қылыштың сынығы.

Ақан. (балалардың әкелген заттарын алып болып). Сендер жаңалықты естідіңдер ме? (Балалар таңдана қалысады). Біздің мектеп толық орта мектепке айналды. Жақында тағыда бірнеше мұғалімдер келеді. Быйылғы жылы сегізінші класс өзімізде ашылады.

Темір (алақаның соға). Ох, қандай жақсы болған.

Шолпан. (жақтырмай, Темірді ыйғырынан шымшып). Консерватория ше? (Ақанға қарайды).

Ақан. Шолпан консерваторияға барады, Сәтен дәрігерлік техникумына кетеді. Ал, басқаларың осында оқыйсындар. Орта білімді осында алып шығасындар. (Орнынан тұрып). Қане жүріңдер, мектепті сағынған шығарсындар, сонда барайық.

(Бәрі шығады. Сахнада Шолпан мен Алтын қалады).

Алтын. (Шолпанның қолын алып, құттықтап). Құттықтаймын, Шолпан, шын жүрегімінен құтты болсын айтамын. Бахытты бола бер. (Сәл қынжылып). Мен де кетсем бе деп едім, кермейсің бе?

Шолпан. Уақасы жоқ. 10 жылдықты бітіресің. Онда институтқа бірден барып түсесің. Рас айтам, Ақан ағайдан сұрашы, қалаған институтына түсе аласың. Әне қарашы, (Алтын жан-жағына қарайды). Әне. Түу мына өзіміз екен ағаштарды айтамын. Шашақ атып, гүл жайнап тұр. Мектебімізді сәулеттендіріп тұрған жоқ па!

Алтын. (досының сөзін қоштап). Әрине, солай. Шіркін, осындай оқушыларын да мұғалімдер ұмытар ма екен? Өзі қанааттандырып өмір шыңына ұшырған балаларың мектебіміз ұмытар ма екен!

Шолпан. Жоқ, ұмытпайды. Сол сияқты оларды біз де ұмытпаймыз. (Сырттан «Отан жырына» салған ән естіледі, бұлар тыңдайды).

Шымалдық

КАЗАҚТЫҢ ҮШ ҰЛТ ОЙЫНЫ

Қазақ халқының сүйіп ойнайтын қызықты Ұлт ойындары толып жатыр. Ол ойындардың көпшілігі жас балаларды шапшаңдыққа, ептілік пен тапқырлыққа, айлакерлікке баулытатын, күш — қайраттарын арттырып, шынықтыра түсетін ойындар.

Балалар ойнауға лайықты Ұлт ойындарының бірі—«қазан доп». Бұл ойынға 5 тең 15 балаға дейін, бұдан да көбірек қатысуға болады. «Қазан доп» былай ойналады:

Жерге кендігі 3 метрдей дөңгелек (шенбер) сызылады. Сол дөңгелектің дәл ортасынан бір ұра қазу керек, ол «орталық қазан» деп аталады. Шенбер сызығының үстінен әрбір ойнаушы кішірек шұңқыр қазып алады. Ойынға қатысушылардың қолында ұзындығы бірдей таяқтары болу керек.

Әрқайсысы өздері қазып алған кішікейе ұраның тұсында ойын бастаушының қозғалысын, қыймылын аңдып тұрады. Ал орталық қазанды қоршап тұрғандардың бірі ойын бастайды. Ол, ағаштан жасалған допты (немесе жұмыр тасты) таяғымен қағып орталық қазанға түсіруге тырысады. Өз ұрашықтарының басында тұрғандар допты орталыққа жібермеуге

әрекеттенеді. Ойын бастаушы шапшаң қыймылдап, айласын, ептілігін асыра білсе, допты орталық қазанға түсірмеу үшін қақпайлап жүрген бір баланың алдындағы ұрашыққа таяғының ұшын тыға қояды. Ұрашығынан айрылған бала ұтылған болып есептеледі. Сөйтіп ол ойын бастаушының орнына тұрады. Сондықтан да ойынға қатысушылар әрі орталық қазанды қорғау керек, әрі өз ұрашығына ойын бастаушының таяғын жолатпай тез қағып жіберіп отыру тиіс. Ал, ойын бастаушы орталық қазанға допты түсірсе, онда ойын бастаушыға басқа адам сайланады.

Қазақтың Ұлт ойыны «әуе таяқ» — әсіресе жас өспірімдерді мергендікке тәрбиелейтін ойын. Бұл ойынның ойналатын орны—кендігі 10x40 метрдей алаң болу керек. Алаңның шетіне ұзындығы да, көлденеңі де 2 метрдей екі шаршы сызылады. Бұл шаршылардың аралығы 3 метр болады. Ойнаушылар екі командаға бөлінеді. Әр команда да 3—7 адам болсын. Әркім өздеріне күні бұрын ұзындығы 60—80 сантиметр таяқ даярлап алады. Екі команданың адамдары кезекпен шаршыға тұрады. Бірінші жақтың ойнаушысы қолындағы тая-

ғын жоғарыдағы таяққа кезек лақтырып, оған дәл тигізуі шарт. Әуеге лақтырылған таяққа дәл көздеп таяқ тигізген команда жеңген болып табылады. Одан кейін екі команда орындарын ауыстырып ойнайды. Ал, ойынның ең аяғында таяғын әуедегі таяққа көп тигізген команда ұтқан болып есептеледі.

Үшінші бір қызық ойын «доп ұрып түсіру» ойыны. Жерге сызылған дөңгелектің (шенбердің) дәл ортасына биіктігі бір жарым метр бағана орматтылады. Бағананың басына доп, немесе ағаштан жасалған шар, не жұмыр тас қойылады. Ойнаушылар екі командаға бөлініп (әр команда 4—6 адам), бір метрлік таяқпен допты бағананың қасынан жүгіріп өтіп бара жатып ұрып жерге түсіреді. Допты көп түсірген жақ жеңеді.

Звено вожатыйы, қазақтың бұл Ұлт ойындарын пионерлер лагерінде де, мектеп қорасында да ойнауға болады. Сенің звеноңның пионерлері бұл ойындарды қалай ойнағаны туралы редакцияға жазып жібер.

Б. Г. МАКАРЕНКО,
педагогика ғылымдарының кандидаты.

М А З М У Н Ы

Б. Иманов — Доғал айқасы (әңгіме)	1 бет	Б. Сланов — Алтынды Алтайдың жүрегі (өчерк)	12
М. Пришвин — Күн қоймасы (ертегі-аңыз, жалғасы)	3	Ш. Бөлтекұлы — Менің спорт ойынындағы өмірім	14
Ж. Молдағалиев — Галстук (дастан)	5	Лагерь күндері	15
К. Борамбаев — Дүйсен (өлең)	6	Ә. Марғұлан — Сапарларың жеметі басын	16
С. Омаров — Асылжан (әңгіме, соңы)	7	Өлке тану саяхаты	17
С. Сентов — Танк (өлең)	9	Пионерлер шежіресі	18
К. Әбдіқадыров — Әзімбектің бақшасы (әңгіме)	10	Пионерлер егіс даласында	20
		Ж. Қонақбаев — Өмір гүлдері (пьеса)	21
		Б. Г. Макаренко — Қазақтың үш Ұлт ойыны	24

Муқабаның 1 және 4 — беттеріндегі суреттерді жасаған суретші К. Баранов.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бекгуров, К. Борамбаев, К. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдықов, А. М. Черкасский, Тек. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73. Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 20-VIII 1947 г.

№ Г03275

Объем 8 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 3. Управления полиграфии и издательства при Совете Министров КазССР
гор. Алма-Ата, проспект Ленина 2. Заказ № 727

307194



Жас достар, сен табиғат дүниесі қоршауында өмір сүресің. Онда сен білмейтін көптеген қызық оқиғалар мен құбылыстар бар.

Егер табиғат құбылысы және ғылым мен техника жөнінде өзіңнің түсініксіз сұрауларың болса, редакцияға жазып жібер. Редакция сенің сұрауыңа жауап қайтарады.

АНДАР ОТТАН НЕГЕ ҚОРҚАДЫ?

Жолаушылар жол жүріп келе жатып, бекетке жете алмаса, далада түнейді. Олар орманды, таулы-тасты, қамысты көл, кұрақты өзен жағасына қонғанда, мазда-тып от жағып отырады. Жолаушылар өздерін қауіп-ха-терден аман сақтауға кезекпен іштерінен күзет қояды. Ол күзетші адам өзінің кезегі біткенше, от жағу әреке-тімен болады. Отты көсей түсіп жан-жағына жау-тақ-жау-тақ қарап, байқап отырады. Оның себебі жыртқыш аңдар адам баласына шабуыл жасайды, адамды талап, оның өміріне зақым келтіреді. Бұл аңдар: арыстан, жол-барыс, қасқыр. Қарусыз адамдар бұлардан түнде тек от жағып қана қорғанады, өйткені, олар лаулаған от жа-рығынан қорқады. Отқа жоламайды.

Алайда аң біткеннің бәрі оттан қорқады деп ойламау керек. Бірсыпыра аңдар от жарығына сондай кұштар. Олар түн ішінде от сәулесін іздеумен әлек болады. Мы-салы: жол жүріп келе жатып жапан далаға түнеп, от жағып отырсаң, сенің жағып отырған отыңның үстінен талай түз кұсы зулап ұшып өтеді. Кейбірі қанатымен жайнап жанып тұрған оттың жалынын саба-лап өтіп, ұзаққырап барып жерге донтай түсіп өліп қалады. Әри-не, оттың тап қасына кұламаған соң біз оны аңғармай-мыз, не болғанын білмейміз. Қараңғылық түсісімен сай-рандап ұшып жүретін жалалақ, байғыз сыяқты түн кұс-тары түнгі оттың маңына жоламайды. Отқа шарпылып өлген кұстардың ішінен бұлардың бірде-біреуінің дене-сін көрмейсің.

Ал, жыланның көзіне от ұшқыны елестесе-ақ болғаны жан ұшырып жорғалап отқа жақындай түседі. Ол от-тың тап түбіне келіп, иірліп жатып алады. Бұғы мен киік түнгі оттың маңына топталып, тоқырап тұрып қа-лады. Тіпті таң сәулесі түскенше отқа үйездейді. Сол сыяқты балықшылар түнде балық аулау жұмысында жүргенде от жағады. Ол оттың маңына балықтар топ-топ болып жыйналысады.

Сонымен аңдардың, кұстардың, хаяндардың от жа-рығына әртүрлі кұмартуының сыры неде?

Оның себебі — от жарығы олардың көздерін жасқан-дырып, жыпылықтатып бұлдыратып жібереді. Бірақ, осы жоғарыдағы мысалдарымызға қайшылық келтіретін бір кұс бар. Ол-ақ кұр. Ақ кұрлар күндіз де тамаша көреді. Оның көзіне күннің нұры ешқандай әсер етпейді. Де-генмен түн болса, осы ақ кұрлар от жарығына әуес. Сондықтан ақ кұрды аңшылар түнде әдейі от жағып аулайды. Ақ кұр аяқастағы солтүстікте мекендейді. Қыста да олар солтүстікте қыстай береді. Ал, солтүс-тікте күндіз күн көзі аз уақыт қана жарық болып тұра-ды. Сол аз уақыттың ішінде олар өздеріне тамақ дайын-дап ала алмайтын болған соң, түнде де тамақ іздеп ша-рық ұрады. Ақ кұр солтүстік Қазақстанда да бар. Олардың да тамақ іздеп машақаттануы, сонау қыйыр жатқан солтүстіктегі ақ кұрлардың әрекетімен бірдей. Қазақстанның ақ кұрлары күндіз ұзақ күнге тамаққа тойыл жүрсе де, от жарығын көрсе, сол жарыққа лек-

легімен ұшып барады. Олар тағы да тамақ дайындаудың әрекетіне кіріседі. Сөйтіп жүріп осы ақ кұрлар аңшы-лардың мылтығының оғына ұшырайды. Өйткені, ақ кұр от жарығына өте кұмар кұстың бірі.

ҚАТТЫ СҮЙЫҚ ЗАТ БОЛА МА?

Кәдімгі бетеккенің шынысын отқа балқымайтын кұм-ды ыдысқа салып, соды мен бор қосып, арнаулы пешке қою керек.

Сонда бұл үш түрлі зат қатты қызғанда сапырылы-сып қайнайды. Ақыры балқып су сыяқты сұйық шыны-ға айналады. Бірақ, шынының түсі ғана су сыяқты. Суыңғанда ол су тәрізді болмайды. Егер кәдімгі суды суытсаң, температура ноль градусқа жеткенше, сұйық қалпында қала береді. Ал, ноль градустан төмендетсе-ақ болғаны, су қатып, қатты мұзға айналады.

Ал еріген шыны ондай температура да сұйық қалпын өзгертпейді. Тек, суықтық 1200 градуске жеткенде ғана қоюланады. 100 градустан жіп сыяқты етіп созуға келе-ді. 800 градустан онан да созылғыш болады. Сонымен бірте-бірте суыта берсек, илеуге келетін нан сыяқты жұмсақ болады. Одан кейін кәдімгі өзіміз көріп жүрген шыныға айналады.

Шынының қандай температурада балқып, қандай тем-пературада қатты затқа айналатынын айыру өте қыйын. Сол себепті шыныны қатты сұйық зат деп атайды. Бі-рақ, бұл мұзды ыстық, күйені ақ деп айту қандай өрес-кел болса, сондай өрескел көрінеді.

Егер шыны сұйық қатты зат болмаса, ол созылмалы болмаса, одан неше алуан жұмыр, сопақ, дөңгелек, ұзын ыдыстар жасауға болмас еді.

НЕЛІКТЕН ІРІМШІК КӨП УАҚЫТ ШІРІМЕЙДІ?

Ірімшіктің (сыр) көпке дейін шірімейтін себебі, оның сыртына кепкен қабыршық пайда болады. Қабыршық оны шірітетін зиянды грибканы ірімшіктің ішіне жібер-мейді.

Швейцарияда бала туған күні үлкен түйір ірімшіктен текше жасап, соған оның атын және туған жылы, күнін, айын жазатын әдет бар екен. Сөйтіп, ол ірімшік өмірі сақтала беретін көрінеді. Ал, осы ірімшіктің иесі өлер алдында, оны өзінің балаларына қалдырады.

Швейцарияда осындай ірімшіктердің кейбіреуі 120 жыл сақталып, одан кейін турап жеп көргенде, дәмі бұзылмағаны хабарланыпты.

СУ НЕГЕ ЖАНБАЙДЫ?

Кейбір заттар қыздарса, я от тигізсе жана бастайды. Ал, тіпті жанбайтын да заттар бар. Ол зат—су. Су отқа жанбайды.

Балалар, судың жанбау себебін білгілерің келетін шығар.

Күл жанған заттың қалдығы ғой. Ол екінші қайтып жанбайды. Суда сол сыяқты жанған заттың күлі. Су тегі жанса от тегі қосылып су пайда болады, сондық-тан ол отқа екінші қайтып жанбайды.

ТӘТТІ ТАМАҚ



Мынау „күртты“ қалайша қағып алам?



Бұл үшін берер немек маған шаан.



Осылайша ырылды бізден шатақ.



Нездесіп тәтті, дәмді, асыл тамақ.